



9 қазан, сенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

2

Рәміздерге құрметтің бұлжымас қағидасы бар




4

Ұйысқан елдің ұтары көп



5

Шежіре кеуде



8

Жәмила жарады



● ПРЕЗИДЕНТ

ҰЛТТЫҚ БАНК ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаевты қабылдады.

Мемлекет басшысына Ұлттық банк төрағасы биылғы 9 ай ішіндегі ақша-несие саясатын жүзеге асырудың алдын ала қорытындылары туралы, әлемдік экономиканы қайта қалпына келтірудің қарқыны және оны пандемияға дейінгі деңгейге жеткізу, сондай-ақ дамыған елдердегі орталық банктердің ақша-несие саясатын күшейтуге көше бастағаны жөнінде есеп берді.

Ерболат Досаев Президентке қыркүйек айында жылдық инфляцияның 8,9 пайызға дейін қарқын алғаны жайында баяндады. Айлық инфляцияның артуына ақылы қызметтер, соның ішінде, ең алдымен, білім беру және тұрғын үйлерді жалға алу салалары үлкен үлес қосты.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Ұлттық банктің Үкіметпен бірлесіп жүзеге асырып жатқан инфляцияға қарсы кешенді шаралары және инфляцияны болдырмау жөніндегі монетарлық саясаттың негізгі бағыттары туралы мәлімет берілді. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына қатысты баға биылғы тамыз айындағы 10,4 пайыздан қыркүйекте 9,6 пайызға дейін төмендегені атап өтілді.

Ұлттық банк төрағасының мәліметі бойынша шикізат тауарлары бағасының қымбаттығына, тұтынушылар тарапынан туындаған шектеулерге байланысты әлемдегі тұтыну бағалары ең жоғары деңгейде сақталып отыр. Кездесу барысында жыл соңына дейін және 2022 жылға арналған энергия тасымалдаушылар бағасына қатысты болжамдар ұсынылды.

Президентке Ұлттық банктің алтын-валюта резервтері мен Ұлттық қор активтерінің жай-күйі, сондай-ақ валюта нарығындағы ахуал жөнінде баяндалды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында Ұлттық төлем жүйесін дамытудың және цифрлық биометриялық сәйкестендірудің ұлттық платформасын құрудың алдын ала нәтижелері туралы мәлімет берілді.

● ХАЛЫҚ ЖӘНЕ НАРЫҚ

Қымбатшылықты ауыздықтау қиын болып барады

Уақыт жаңа талаптарды алға тартуда. Кейінгі кездері елімізде белгілі бір салаларда жалақының еселеп өсуі тұтыну нарығына кері әсерін тигізе бастады. Сарапшылардың атап көрсеткеніндей, бұған тежелуі қиынға соғып отырған инфляция салқынын тигізуде. Экономиканың заңдылығы бойынша қазір баға кейбір тұтыну заттары бойынша екі есеге дейін қымбаттады.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы»



Бұл – әлбетте, нарық заңдылығы. Әсіресе, тұтыну нарығындағы бағаны атқарушы билік қаншама қатаң шаралар қолданғанымен, реттей алмайтыны белгілі болды. Бұл орайда айтарымыз, нарық әзірге өз болмысына қарсы әрекеттерді қабылдамайтын сынай танытты.

Соңғы деректер бойынша қазақстандықтардың әсіресе, ең бірінші кезектегі тұтыну тауарларына деген шығыны өсіп, солардың ішінде отбасылардың азық-түлік қажеттілігіне деген сұранысы жалпы бюджеттің 70 процентіне дейін жеткен. Саланы зерттеуші сарапшылар еліміздегі аз қамтылған отбасылар табысының негізгі шығыны күнделікті азық-түлікке жұмсалатынын айтады. Осының бәрі нарыққа соңғы уақытта жалақы есебінде жұмсалған миллиардтаған теңгелердің әсерінен болып отыр. Әзірге біздің негізгі әрбір жұмыс істейтін адамның басына шаққанда 2,3 мың доллар құраса, қызылордалықтардың үлесі одан 3 есе төмен. Бұл көрсеткіш біздің тұрмыс деңгейіміздің қаншалықты екенін дәлелдейді.

Қош делік. Әзірге елімізде

бойынша 2021 жылдың 1 қыркүйек деңгейіне қызылордалықтардың несие қарызы 335 млрд теңгеге құрайды. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 21,1 процентке өскен. Дәл осы уақытта облыста тұтыну мақсатында берілген несие қарызы 200,8 млрд теңгеге құрайды. Оның өсімі де 25 процентке жуық.

Облыста сондай-ақ тұрғын үй мақсатында неселер берілуде. Оның мөлшері жоғарыда айтылған көрсеткішке қарағанда біршама төмен. 2021 жылдың 1 қыркүйек деңгейіне ипотекалық несие қарызы 41,7 млрд теңгеге құрайды.

Бүкіл еліміз бойынша сарапқа салатын болсақ, қызылордалықтардың несие көлемі оншалықты көп емес. Газеттің 2 қазан күнгі нөмірінде айтылғандай, қазақстандықтардың орташа несиесі әрбір жұмыс істейтін адамның басына шаққанда 2,3 мың доллар құраса, қызылордалықтардың үлесі одан 3 есе төмен. Бұл көрсеткіш біздің тұрмыс деңгейіміздің қаншалықты екенін дәлелдейді.

Қош делік. Әзірге елімізде

несие тасқыны толастайтын емес. Бұл өмірдің қажеттілігіне айналған сынайды. Ең қауіптісі – тұтыну несиесінің деңгейі өсе түсуде. Тұтыну нарығындағы несиеге деген сұраныс төмендеуі мүмкін деген болжам жасалған еді. Өкінішке орай кейінгі деректер болжамның расқа айналмайтынын көрсетіп берді. Сарапшылардың айтуынша, Қазақстанда кейінгі жиырма жыл ішінде баға индексі 420 процентті құраған. Ал орташа атаулы табыс 6,3 мың теңгеден 103 мың теңгеге дейін, үй шаруашылықтарының шығындары 4 мыңнан 52 мың теңгеге дейін өскен. Өткен жылдың қорытындысы бойынша еліміздегі тұтынушылық мақсаттағы шығын 4,2 трлн теңге деңгейіне жетіпті. Арифметикалық өсім тұтынушылардың мүддесіне сәйкес келмейді. Осыған қарамастан, екінші деңгейлі банктердің несие көлемі еселеп артууда. Ал керісінше, банктердің қаржылық жағдайы жақсарып, инфляцияны тежеудің мүмкіндіктері сарқыла түсуде. Демек, қымбатшылықты ауыздықтау күн өткен сайын қиын болатын сынайы байқалады.

● СҰХБАТ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауында елімізде агроөнеркәсіп кешенінде атқарылатын міндеттер мен алдағы жоспарлар нақтыланды. Бұл орайда Сыр өңірінің ауыл шаруашылығына жүзеге асырылатын жұмыстар баршылық. Өңір экономикасында аграрлық саланың алатын орны айрықша екені белгілі. Жергілікті тұрғындардың елеулі бөлігі – жерден несібе терген қарапайым еңбек адамдары. Сондықтан аталған сала әрдайым мемлекет қолдауына ие болып, бұл бағытта нақты қамқорлық көрсетіліп келеді. Өңірдің аграрлық саласы заман талабына бейімделіп, алыс және жақын шетелге шығатын экспорт өнімдеріне ден қойды. Суды ысырапсыз пайдалану жүйесін жолға қою мақсатында әртараптандыру шаралары қолға алынды.

Облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жахановпен сұхбат барысында осы бағытта атқарылатын жұмыстар барысы таразыланып, алдағы мақсат-міндеттер әңгіме өзегіне айналды.

3-бет

● ЖАУАПТЫ МАУСЫМ

ЖЫЛУҒА ТӨЛЕМ 10 ҚАЗАННАН ЕСЕПТЕЛЕДІ

Күн суытуына байланысты биыл облыс орталығында жылу жоспарланған мезгілден ерте беріле бастады. Соған байланысты өңірлік коммуникациялар қызметінде коммуналдық мекемелердің қыс маусымына дайындығына арналған кезекті брифинг өтті.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы»

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жоламанов сыртқы ауа температурасының күрт төмендеуіне байланысты қала әкімінің шешімімен Қызылорда қаласындағы жылу орталықтары қазан айының 10-на қараған түннен бастап қосылатынын хабарлады.

Ал «Арай», «Ипподром», «Сырдария», «Астана» және «Сол жағалау» шағын аудандарындағы шағын қазандықтар бұл уақытта көпқабатты тұрғын үйлерге жылу беріп жатыр. Басқарма өкілі облыстағы білім, мәдениет, денсаулық сақтау нысандары мен 708 кіші қазандықта жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жылу маусымына толық дайын екенін айтты. Әлеуметтік нысандарға қажетті 33 мың тонна көмірдің бүгінде 80%-і жеткізілген. Тұрғындарға жоспар бойынша 140,1 мың тонна көмір қажет болса, қазір 99 мың тонна көмір қоры бар.

2-бет



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Облыстық тарихи-өлкетану музейінде ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, аудармашы, филология ғылымдарының кандидаты Шөмішбай Сариевтің 75 жылдығына орай қорменің ашылу салтанаты болды.

Көрмеге ақынның жеке заттары, шапаны, жазу машинасы, кәдесыйлары, кітаптары мен фотосуреттері сынды 50-ге жуық жәдігер қойылды.

Айналдым, сенен, Атамекен!



8-бет

● Өңір өнімі

Ауылға ажар берген алма бағы

Жалағаш ауданына қарасты Макпалкөл ауылында болғанымыз бар. Мұндағы ел мал бағып, егін егеді. Ел ішіндегі «Ер-Әлі» шаруа қожалығы күріш егумен айналысып, жергілікті жұртқа жұмыс көзін ұсынып келеді.

Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

Аталған шаруашылық 2017 жылы алма өсіруді қолға алған еді. «Құрманбай ата» деп ат берген бақтың өнімі бүгінде облыс орталығы мен өзге аудандардағы сауда сөрелерінде сатылымда.

– Әдепкіде әр жерден түйнек сала бастады. Көшеттердің бәрі алғашқы екі жылда толық жеміс бере қоймайды. Былтыр барлығы 5 гектарға егілген 12500 көшеттен 14 тонна алма жинадық. Ал

биыл 15 тонна болып тұр. Демек, көшеттердің жылдан-жылға жеміс салуы көбейіп келеді деген сөз. Негізінде біз әр түптен 5-6 келіден жинап жүрміз. Ал әр алма талы 15 келіге дейін беруі тиіс. Жаз бойы менен басқа 3 бағбан осы алмабақтың бабын жасауда тер төгіп, еңбек етіп келеміз, – дейді аға бағбан Нұрбол Сейсенбаев.

Бақта алманың «Гала», «Голден», «Смирненко»,



Суретті түсірген Н.НУРЖАУБАЙ

«Фуджи» сорттары бар. Қазір қысқа сақтауға әбден жарамды «Смирненко» сорты қоймаға жиналыпты. Бағбанның айтуынша, осы соңғы жиналған түрі қыс бойы нарыққа сатылымға шықпақ.

Иә, ауыл-аймақта осындай кәсіптің көп болғаны өте тиімді. Жұмыс көзі ашылып, жергілікті халыққа жалақы да төленетіні анық.

Айтпақшы, бірнеше жыл

бұрын осы шаруашылықты құрған Әліби Бекжанов ауыл шаруашылығының бір саласымен айналысу жергілікті жердің тұрғындарына тым аздық етеді дейді. Сол себепті алма бағын құру идеясы пайда болған. 6 гектар жерді қоршауға алып, алманың түрлі сорттарын отырғызу жұмысы әу баста осылай басталған екен.

● ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР

Татами төрінде – жастар

Кеше «Евразия» спорт кешенінде дзюдо және парадзюдодан жастар арасында Қармакшы ауданының құрметті азаматы Болатбек Сүлейменовті еске түсіруге арналған халықаралық турнир жалауын көтерді. Аталған турнирге еліміздің өңірлері мен Өзбекстаннан барлығы 500-ге тарта балуан келді.

Жарыстың ашылу салтанатында облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет спорттың бұл түрі жастар арасында ерекше қызығушылық туғызып келе жатқанын атап өтті. Аймақта дзюдоммен айналысып жүргендер аз емес. Олардың арасында

дүниежүзілік деңгейдегі додаларда бақ сынаған жерлестеріміз де бар. Атап айтқанда, Бауыржан Жауынғасев, Мағжан Шәмшаддин сынды балуандар ел намысын абыроймен қорғап келеді.

8-бет



● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Рәміздерге құрметтің бұлжымас қағидасы бар

Тарих толқынындағы отыз жыл қас-қағым сәтте өте шықты. Оның ел үшін маңызын ештеңемен өлшеуге келмейді. Тау етер тәуелсіздігіміз, мемлекеттің мызғымас негізіне айналған рәміздеріміз бар. Байқап қарасаңыз, «Мен қазақпын!» деген әрбір азаматтың көшеде келе жатқанда немесе мекеме ғимаратына кіргенде алдымен осы нышандарға көз тастауы заңдылық. Тәуелсіздік символының талапқа сәйкестігін қадағалауды облыс әкімдігі жанындағы мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссия да назарға алған.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы»

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова- ның жетекшілігімен аталған комиссияның биылғы жылғы қорытынды отырысы өтті. Жиынға облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет, Қызылорда қаласының әкімі Ғанибек Қазантаев, облыстық басқармалар мен департамент басшылары және аудан әкімдері онлайн-режимде қатысты. Аймақ басшысы алдымен мемлекеттік рәміздерге деген құрмет елге, жерге, Отанға деген



сүйіспеншілікті білдіретінін айтты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Егемен еліміздің бейбіт аспанында желбіреген көк ту – бүгінгі күннің баға жетпес байлығы» деген болатын. Рәміздердің талапқа сай болуы шарт және оған құрмет көрсетуді барша азамат қасиетті борышы ретінде ұғынуы тиіс. Бұл бағыттағы идеологиялық жұмыстарға мән беру маңызды, – деді облыс әкімі.

Комиссия отырысында кем-кетік, олқылықтардың орын алғаны айтылды. Облыстық ішкі саясат басқармасының

басшысы Мира Қазбекова мемлекеттік мекемелердегі тәуелсіздік нышандары – Елтаңба мен Тудың жай-күйін саралап, атқарылған жұмыстарды тарқатты. Мәліметке сүйенсек, ведомствоаралық инспекциялық топ 23 тамыз-17 қыркүйек аралығында зерделеу жұмыстарын жүргізген. Нәтижесінде 12 мекемеде кемшілік анықталып, оның 9-ы дер кезінде қалпына келтірілген. Ал, 3 мекемеге Әкімшілік хаттама толтырылды. Жауапты тұлғалар 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни 145850 теңге көлемінде

айыппұл арқалаған. Ерекше атап өтетін жайт, жүргізілген түсіндірме жұмыстары мен комиссия отырысында берілген хаттамалық тапсырма нәтижесінде Сырдария және Шиелі аудандарында заңбұзушылық орын алмаған. Бұдан бөлек, қала мен аудандардағы 263 мемлекеттік мекеменің барлығында ҚР Мемлекеттік Елтаңбасы латын графикасындағы «QAZAQSTAN» жазуымен толық ауыстырылғаны белгілі болды.

Жиында облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов пен облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова, Қазалы және Қармақшы аудандарының әкімдері мемлекеттік рәміздердің жай-күйін бақылау және маңыздылығын насихаттау бойынша қолға алынған жұмыстарды баяндады.

Облыс әкімі рәміздердің талапқа сай орналасуына бақылауды күшейтуді тапсырды. Барлық мекеме басшыларына да арнайы инспекциялық топ құрып, 1 желтоқсанға дейін қарасты мекемелерде мемлекеттік рәміздердің қолданылуына рейд жүргізу жүктеліп отыр. Жастардың бойында патриотизмді қалыптастыру мәселесі де шет қалған жоқ. Себебі, рәміздерді құрмет тұту жеті атаның қадірін, ата-баба даналығын, еліміз-жерім деген батырлардың ұлтжандылығын санаға сіңіріп келе жатқан жастардан басталады.

Алдын алу шаралары әлі де жеткіліксіз

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова әкімдік жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысын өткізді. Жиынға облыс әкімінің орынбасарлары, құқық қорғау органдарының басшылары және жауапты салалық басқарма басшылары қатысты. Сонымен бірге онлайн селекторлық режимде қала, аудан әкімдері қосылды.

Күн тәртібінде 2 мәселе қаралды. Алғашқысы көмелетке толмағандар мен жастар арасындағы құқық бұзушылық профилактикасы бағытына арналды. Облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова өткен жылдың қорытындысы бойынша көмелетке толмағандар арасында жасалған қылмыс саны алдыңғы жылмен салыстырғанда 33, мектеп оқушыларының қылмысқа қатысу көрсеткіші 64,5, колледж студенттері жасаған қылмыс 48,1 пайызға төмендегенін жеткізді. Ал, жыл басынан бері аталған контингент бойынша қылмыс саны 18,2 пайызға азайған.

Жиында аймақ басшысы қасақана ауыр дене қарақатын салу қылмысының өсуі, көмелетке толмағандардың өз-өзіне қол жұмсау фактілерінің азаймай тұрғанын алға тартып, бұл мәселеге тиянақты түрде мән беру керектігін қаперге салды. Әсіресе, қылмыс себебін талдап, суицидке

баратын және олардың құрбаны болатын тұлғалардың әлеуметтік портретін жасау мен оқушылар арасында психологиялық қолдау шараларын үйлестіру керектігін қадап айтты. Сондай-ақ, тәуекел топтағы балалармен жұмысты үйлестіріп, интернеттегі қылмысты жасырын қолдаушыларға қарсы кешенді жоспар құруды жүктеді.

Отырыста облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова жастар арасындағы криминалендік ахуал туралы есеп берді. Өңірде құқықбұзушылықтың алдын алуға арналған арнайы облыстық іс-шаралар жоспары бекітілген. Жоспар аясында жергілікті құқық қорғау органдарымен бірлесіп, қала және аудандарда «Жасөспірім» жедел профилактикалық іс-шарасы, «Түнгі қаладағы балалар», «Stop Қылмыс!» түнгі рейдтік шаралары ұйымдастырылып, құқықтық,

психологиялық кеңестер, түсіндірме жұмыстары жүргізілген.

Облыс әкімі «NEET» санатындағы жастармен әдресті түрде жұмысты үйлестіріп, әрбір мәселеге кешенді түрде қарау қажеттігін еске салды.

– Биыл қылмыстық жауапкершілікке тартылған 339 жас азаматтың 92%-ын (312-сі) «NEET» санатындағы жастар құрайды. Бұл осы санаттағы азаматтарға қатысты қабылданып жатқан профилактикалық шаралардың әлі де жеткіліксіз екендігін көрсетеді, – деді өңір басшысы.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселені қорытындылаған облыс әкімі жауапты сала басшыларына нақты тапсырма берді. Білім беру мекемелерін жеке күзет қызметінің қорғауы мәселесін пысықтап, бюджетке ұсыныс енгізуді, педагог-психолог мамандар қызметін күшейтуді және 1 қарашаға дейін көмелетке толмағандар арасында өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу бойынша арнайы жоспар бекітуді міндеттеді.

Отырыста қаралған екінші мәселе құқық қорғау саласын цифрландыруға арналды. Облыстық полиция департаменті бастығының міндетін атқарушы Шамшадин Әмитов саладағы атқарылған

шаруаларды айтты.

Комиссия отырысында аймақ басшысы бейнебақылау тетіктерінің жұмысын жандандыру және жастар арасындағы қылмысты ұйымдастыруға мүдделі топтарды анықтау мәселелеріне ерекше назар аударуды міндеттеді.

Жиынды қорытындылаған өңір басшысы аталған саладағы олқылықтарды жоюды және жоспардағы міндеттерді уақытында аяқтауды тапсырды. Оның ішінде, автоматтандырылған бейне-тіркегіш құрылғылар мен жаңа технологиялар енгізу есебінен құқықбұзушылық профилактикасының тиімділігін көтеру бар. Цифрландыру бағытында облыстық бюджеттен бөлінген қаржы мақсатты әрі мерзімінде игерілуі тиіс. Цифрлық технологиялар басқармасымен бірлесе заманауи талаптарға сай жаңа технологиялардың жобаларын ұсыну алдында олардың іске қосудан кейінгі болжамы мен тиімділігін зерттеуді міндеттеді.

Аймақ басшысы аталған мәселелер келесі жылдың бірінші тоқсанында комиссия отырысында қаралатынын ескертті.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова «Современные Инновационные Технологии» ЖШС директоры Жомарт Момынбаевпен кездесті. Басқосуға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ғалым Әміреев, облыс әкімінің орынбасары Серік Сүлейменов, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ерлан Жанабаев қатысты.

Онда өңірде жоғары технологиялы жобаларды қолдану мәселесі сөз болды.

Жомарт Момынбаев аймақты бу-газбен қамтамасыз ету бойынша жобасын таныстырды.

Өңір басшысы аталған жобаны жан-жақты сараптап, тиімділігін зерделеу керектігін алға тартты.

Айта кетейік, «Современные Инновационные Технологии» (Ин Тек) ЖШС – балама қуат көздерімен жұмыс жасайтын отандық инженерингтік компания. Қазақстандағы «KEGOC», «Самұрқ-Энерго», «Samruk-Green Energy» сияқты ірі өндіріс компанияларымен серіктестік орнатқан. Осыған дейін Жезқазған қаласындағы күн-электр станциясын, Ерейментаудағы жел-электр станциясын және Қапшағай су қоймасындағы күн-электр станциясының құрылысына қатысқан.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі

ЖЫЛУҒА ТӨЛЕМ 10 ҚАЗАННАН ЕСЕПТЕЛЕДІ

«ҚазТрансГазАймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы техникалық инспекциясының басшысы Ислам Бектұрғанов өндірістік филиалдың жылу беру маусымына толығымен дайын екенін хабарлады. Биыл ағымдағы жөндеу арқылы 23 дана технологиялық жабдықты ауыстыру жұмыстары жүргізілген. Соның есебінен газды қауіпсіз, үздіксіз және апатсыз пайдалану қамтамасыз етілді. Бүгінгі күні филиал жылу маусымы кезінде қауіпсіздіктің алдын алу, халыққа насихаттау үшін газды қауіпсіз пайдалану айлығын жариялап, тиісті жұмыстар жүргізуде.

Тұрғындардың өз бетінше жүргізген электр желілерін алмастыруға және 9 қосалқы трансформатор орнатуға облыстық бюджеттен 250 млн теңге қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылуда. Брифингте осы мәліметті жеткізген «ҚЭТТК» АҚ төрағасы Мұхиджан Кәрімбаев компания өз қаражаты есебінен биылға 611 шақырым электр желілері мен 79 әртүрлі кернеулі қосалқы стансаға күрделі жөндеу, 502 шақырым электр желілеріне және 61 қосалқы стансаға ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізіп, ол толығымен орындалғанын атап өтті.

1-бет



«Қызылордажылуэлектрорталығы» кәсіпорны директорының орынбасары Бақытжан Молдидановтың айтуынша жөндеу жұмыстары 1 қазанда аяқталған. Жергілікті биліктің жылуды 10 қазаннан бастап беру туралы шешіміне байланысты жұмыстар жүргізілуде. «Онтүстік жылу орталығы» толығымен, 17 автономды шағын қазандықтың жетеуі жылу беруде. 10 қазанға дейін «Қызылордажылуэлектрорталығына» қарасты тұтынушыларға жылу толық берілетінін айтқан Молдиданов ішкі жылу жүйелері дайын емес үйлер ғана қосыла алмай қалуы мүмкін екенін ескертті.

Жылу беру маусымын 15 қазанда бастау – сонау кеңестік кезеңнен келе жатқан тәртіп. Бірақ соңғы жылдары климат өзгеруінен күн ерте суытып жүр. Сол кезде ерте қоса беруге ереже қаралған ба? Әлде күн суытып, салқын пәтерлерде тоңған тұрғындар шағымданып, балалар ауырып, халық шұлағанын кейін ғана жергілікті билік қозғалып жүр ме? Ерте қосылғандар кейін жоспардан артық шығындар болады, оның орны қалай жабылады?

Брифингте жауапты тұлғаларға біздің тарапымыздан осындай сұрақтар қойылды.

– Иә, тұрғындардың шағымданығаны рас. 15 қазанда жылу маусымы басталып, 15 сәуірде аяқталатыны белгілі. Жалпы әр өңірде жылу беру маусымын бастауды жергілікті әкімдік шешеді. Ереже бойынша сыртқы ауа температурасы бес күн бойы +8 градустан төмен болып тұрса, жылуды қоса беруге болады. Күннің ерте суытуына байланысты Қызылорда қаласы әкімінің шешімі бойынша 9 қазаннан 10 қазанға қараған күні жылу толығымен қосылады. Ал автономды жылу орталықтары бар әлеуметтік нысандар қай уақытта жылу беруді өздері шешеді. Жалпы жылуды ерте қосуды талап еткен тұрғындармен қатар, оған қарсы болатындар да бар екенін айта кету керек. Олар артық төлем жасағысы келмейді.

Ал шығын жайына келетін болсақ, бұл жағдайлар бюджетте қарастырылған. Күн ерте жылына, 15 сәуірден ерте тоқтауы мүмкін. Бұл жолы жылуға төлем 10 қазаннан бастап есептеледі. Бірақ тұрғындар биыл жылу үшін өткен жылғы тарифпен салыстырғанда 8% кем төлейтін болады. Атап айтқанда, 1 шаршы метр үшін 69,3 теңге төлем жасайды, – деп басқарма мен жылу орталығы өкілдері жауап берді.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы-ректоры Бейбітқұл Кәрімова халық алдында есеп берді. Жиынға облыстық мәслихат хатшысы Н.Байқадамов, облыс әкімінің орынбасары Б.Шәменова, Қызылорда қаласының әкімі Ғ.Қазантаев және облыстық, қалалық мәслихат депутаттары, университет ардагерлері қатысты.

Ғазиза ӘБІЛДІ,
«Сыр бойы»

Даму деңгейі уақыт талабына сай

Баяндамада 2020-2021 оқу жылы бойынша білім ордасында ғылымды дамыту бағытында материалдық-техникалық базаны нығайтып, инновациялық жобаларды жүзеге асыру мен халықаралық ынтымақтастық орнату аясында атқарылып жатқан жүйелі жұмыстар жайында айтылды.

Биыл университетте білім алушылар саны 5300-ден 8053-ке өскен. Бұл өткен жылдарға қарағанда 52 процентті құрайды. 2020-2021 оқу жылында 497 профессор-оқытушы білім берді. Оның ішінде 23 ғылым докторы, 37 PhD докторы, 184 ғылым кандидаты, 223 магистр бар.

Университеттің ғылыми-зерттеу жұмысын қаржыландыру көлемі өткен жылмен салыстырғанда 20 процентке өскен. Осы орайда Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы негізінде орындалатын жобалар саны да 20%-ке артқан. Бұл көрсеткіш бойынша университет отандық жоғары оқу орындары арасында 17-орында тұр. Сондай-ақ, 2020-2021 оқу жылында Халықаралық грант негізінде орындалған 1 жоба аяқталып, тағы 1 жоба бойынша жұмыс басталды.

Инженерлік бейіндегі зертхана қызметкерлері зерттеуші-профессор Нұрбол Аппазовтың ғылыми жетекшілігімен Португалия, Нидерланды, Дания, Ресей, Беларусь және Украина ғалымдарымен бірлесіп, Horizon-2020 бағдарламасы аясында түйе тікенегінен Альгеймер және Паркинсон ауруларына қарсы дәрі жасауға арналған Еуропалық Одақ грантын жеңіп алды. Ендігі ғылыми жұмыстар шетелдік ғалымдармен бірлесіп, клиникаға дейінгі және клиникалық зерттеулермен жалғаспақ.

Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастырып, қызығушылығын арттыру мақсатында спорттың 11 түрінен 21 спорт секциясы жұмыс істейді. Оған 1-2 курстың 3033 студенті қатысады. Бұл ретте білім алушы түлектер арасында байрақты бәсекелерде топ жарып, биік белестерді бағындырған спортшылар саны артып отыр. Айталық, қазіргі таңда 5 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 32 ҚР спорт шебері, 52 ҚР спорт шеберлігіне үміткер, 33 Ұлттық құрама командасының мүшесі білім алады. Сондай-ақ, баскетбол, волейбол және футболдан ерлер құрама командасы республикалық студенттік лигаларға қатысады. Бұдан бөлек, университетте 9 Әлем чемпионатының, 27 Азия чемпионатының және 120 Қазақстан чемпионатының жеңімпазы мен жүлдегері бар.

Бүгінгі заман талабына сай оқу орнының негізгі мақсаты – сапалы маман даярлаумен қатар, университет қабырғасында жас кәсіпкерлер тәрбиелеу. Есепті кезеңде орталық 600-ден астам студенттің қатысуымен 15 семинар мен тренинг өткізді. Жыл сайын дәстүрлі түрде жас кәсіпкерлердің стартап жобаларының облыстық байқауына қатысып келеді. Биыл «Kbh.startup-2021» байқауына 481 өтінім беріліп, 86 жоба жарытпай финалға жолдама алған. Өткен жылы студенттік және басқа да бизнес жобаларына тартылған инвестиция көлемі 22 500 000 теңгені құраған.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің халықаралық байланыстар аясы да кеңейе түскен. Бүгінде алыс-жақын шет елдердің жетекші жоғары оқу орындарымен, білім беру және мәдени орталықтарымен 170-ке жуық келісім жасалған.

Университетте биыл 449 студенттің оқу ақысына жеңілдік беріліп отыр. Оның ішінде аз қамтылған отбасынан шыққан, үздік спортшылар мен өнерлі жастар, «Алтын белгі», «Үздік аттестат» иегерлері, тағы басқа талаптарға сай жеңілдік қарастырылған. Көңілге қонымды жетістіктің бірі – 2020-2021 оқу жылында оқытушылардың еңбекақысы кезең-кезеңімен өскен.

Жиын қорытындысында сөз алған облыстық мәслихат хатшысы Н.Байқадамов, облыс әкімінің орынбасары Б.Шәменова университеттің өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында өзіндік ерекше орны бар екенін айта келіп, қазіргі уақыт талабына сай оқу орнында атқарылып жатқан сан салалы жұмыстарға оң баға берді. Сонымен қатар, облыстық мәслихат депутаты А.Әбибуллаева, университет тұлғалық төрт дүркін Әлем чемпионы И.Ильин, қалалық мәслихат депутаты Е.Мусаев сауалдарын қойып, заман талабына сай мамандар даярлауда оқу орнының алдағы жоспарлары да табысты жүзеге асуына тілектестігін білдірді.

● СҰХБАТ

– Бахыт Дүйсенұлы, сөз басында Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын іс-шаралар жоспарына тоқтала кеткеніңіз артық болмас. Жолдауда айтылғандай, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ветеринария жүйесін түбегейлі реформалау, жаңа технологиялар мен құрыландыру арқылы суды үнемдеуге қошу, облыста «Қараөзек» су қоймасын салу бағытында қандай жұмыстар атқарылады?

– Жолдауда пандемиядан туындаған дағдарыстан кейінгі елімізді дамытудың әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттары назарға алынды. Әсіресе, ауыл шаруашылығының әлеуеті орасан зор екені атап өтілді.

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың басшылығымен Жолдаудан туындайтын жасат-міндеттерді саралайтын арнайы жисын өтті. Онда облыстың алдағы даму бағыттары айқындалып, бұл орайда аграрлық саладағы іс-шаралар жоспары да белгіленді.

Негізгі міндетіміз – еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Осыған сәйкес, біз өңірде азық-түлік өндірісімен қамтамасыз ету балансын есептеп, нақты қажеттілікті анықтау бағытында жұмыс жасаудамыз.

Бүгінгі таңда облыста тұрғындарға қажетті 29 негізгі азық-түлік тауарымен қамтамасыз ету басты назарға алынған. Олардың арасында күріш, қызанақ, қияр, нан және тұз секілді өнімдермен өзімізді толық қамтамасыз ете аламыз. Ал, картоп, сәбіз және жылқы етін өндіру 60 процентті құрайды. Қырыққабат, піяз, сиыр еті, қызылша, бұрыш, қой еті, балық секілді өнімдер бойынша ол 20-60 процентті шамалайды. Қалған құс еті, жұмыртқа, бидай ұны, қарақұмық, макарон, сүт, айран, сары май, өсімдік май, қантты сырттан тасымалдауға мәжбүрміз.

Осыған байланысты азық-түлік қамтамасыз ету бағасының негізінде өз өндірісімізді ұлғайтуды көздеп отырмыз. Алдағы 5 жылда бұл бағытта 56,1 млрд теңгені құрайтын 42 жоба іске асыру жоспарлануда.

Алдағы жылы өңірде өндірілмейтін азық-түлік тауарларын басқа аймақтардан сатып алу, тасымалдау, сақтауды жүзеге асыру үшін көтерме-тарату орталығын ашу жоспарлануда. Аталған жұмыстарды іске асыру өз кезегінде азық-түлік бағасының ұзақ мерзімге тұрақтылығы мен алқаптан сөреге дейін тауар айналымын қамтамасыз етіп, экспортқа жіберуге септігін тигізеді.

– Өңірде азық-түлік бағасын тұрақтандыру бағытында қандай жұмыстар атқарылуда?

– Бұл бағытта тиісті іс-шаралар атқарылып келеді. Өңір басшылығы тарапынан нақты жұмыс жоспары бекітілген. Облыс орталығы мен аудандарда әлеуметтік дүкендер желісі халыққа қызмет көрсетеді.

Қазіргі таңда тұрақтандыру қорында 1041,5 тонна өнім сақталып, төмен бағада сатылуда. Оның ішінде бірінші сортты бидай ұны – 616,5, күріш – 96,1, қант – 235,4, макарон – 71,6, қарақұмық жармасы – 21,9 тонна.

Сонымен қатар, бағаны тұрақтандыру мақсатында тұрақтандыру қорына қосымша 1000 тонна картоп, 200 тонна жуза, 100 тонна сәбіз, 50 тонна қырыққабат, 100 тонна күріш, 368 тонна қарақұмық жармасын және 306 тонна өсімдік майын сатып алу үшін «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы тиісті сатып алу шараларын жүргізуде.

Биылғы қуаңшылық салдарынан астық өндіруші елдерде, оның ішінде біздің елімізде де бидай өндіру көлемі азайып, жайлы үн бағасының қымбаттауына алып келу қаупі бар. Сондықтан әлеуметтік нанның бағасын тұрақтандырып, оның негізгіз өсуіне жол бермеу үшін қазір тұрақтандыру қорына қажетті үн сатып алу, наубайханаларды арзандатылған үнмен қамтамасыз ету бағытында қосымша шаралар қабылданып болады.

Бағаның негізсіз өсуіне жол бермеудің тиімді шараларының бірі ретінде «айналым» схемасы бойынша кәсіпкерлер субъектілеріне заем беру механизмдері кеңінен пайдаланылуда. Бүгінгі күні әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы 15 кәсіпкерлік субъектісіне 19 әлеуметтік маңызды бар азық-түлік тауарының бағасын тұрақтандыру мақсатында 943 млн теңге заем берді.

Тұрақтандыру қорының өнімдері «Байқоңыр» ӘКК қарасты 34 әлеуметтік дүкенде және қосымша Қызылорда қаласында орналасқан 15 ірі супермаркетте нарықтағыдан төмен бағада ұсынылып, сатылуда.

Тұрақты түрде ауыл шаруашылығы жәрменкесі ұйымдастырылады. Жақында елордамыз – Нұр-Сұлтан қаласында екі күнге созылған жәрменке барысында қызылордалық еңбеккерлер өздері дайындаған өнімдерін ұсынып қайтты. Жәрменкеге Сырдың диқандары мен кәсіпорындары 40 жүк автокөлігімен 400 тоннаға жуық өнім алып барды.

Ал, Қызылорда қаласында Шиелі ауданының еңбеккерлері ауыл шаруашылығы жәрменкесін бастады. Жәрменкеге 50 тоннадан астам ақталған күріш, 80 тонна картоп, 30 тонна піяз, 25 тонна сәбіз, 30 тонна көкөніс, 80 тонна башқа өнімдері, 10 тонна ет пен шұжық, 5 тонна балық, 3 тоннаға жуық нан және макарон, 1 тоннадан астам сүт және 15 тонна кондитер өнімдері жеткізілген.

Осындай жәрменкелер облыс орталығында жыл аяғында дейін ұйымдастырылатын болады.

– Кейінгі жылдары өңірде шаруашылықтарды мал азығымен қамтамасыз ету мәселесі өзекті. Бұл түйткілді шешудің жолы қандай болмақ?

– Маи шаруашылығын дамыту үшін ең бастысы қажетті жем қоры болуы керек.

Бүгінгі күнге облыс бойынша 387 мың бас ірі қара, 845,4 мың бас уақ мал, 179,3 мың бас жылқы, 57,7 мың бас түйе тіркелген. Осы мал басын қыстан алып

шығу үшін мамандардың есебі бойынша 770 мың тонна шөп, 213 мың тонна жем қажет.

Қажетті жем-шөппен қамтамасыз ету үшін облыста жыл сайын малазықтық дақылдардың егіс көлемін ұлғайту шаралары қабылданады. Биылғы жылдың өзінде малазықтық дақылдар көлемі өткен жылмен салыстырғанда 5425 гектарға ұлғайды. Нәтижесінде, биыл қыстайтын малға қажетті шөптің 240 мың тоннасы жоңышқа өндіру есебінен, қалғаны табиғи шөп дайындау есебінен қамтамасыз етілмек. Қажетті жем қоры 14 мың тонна малазықтық астық (бидай, арпа, сұлы, жүгері) өндіру, 115 мың тонна күріш жемін өндіру есебінен қамтамасыз етілсе, қалған көлем сырттан тасымалданбақ.

Арал өңіріндегі қуаңшылыққа байланысты облыс әкімі тиісті тапсырмалар беріп, жұмыстардың атқарылуын тікелей

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР



бақылауына алды. Осы ауданның бірқатар елді мекендерінде қуаңшылықтан әсіресе жылқы малы көтерем болып шығынға ұшырады.

Сырдария өзені деңгейінің кейінгі жылдардағы төмендеуінен көлдер мен суаттар біраз жерге дейін тартылып, жағасы батпаққа айналды. Суатқа барған көтерем мал батпақтан шыға алмай да шығынға ұшырады. Қуаңшылық салдарынан жыл басынан бүгінгі күнге 596 бас (208 бас ірі қара, 383 бас жылқы, 5 бас түйе) шығын тіркелді.

Арнайы жұмысшы тобы құрылып, ветеринария саласы мамандарымен бірлесіп шығын саны нақтыланды. Жануарлар ішетін судан және өлім-жітімге ұшыраған малдан сынамалар алынып, ветеринариялық зертханада зерттеліп, уланудан таза екендігі анықталды. Тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары жалғасуда.

Осы кезеңде ауданның бірнеше елді мекенінде табан ауруына 26 бас түйе шалдықты. Клиникалық белгілеріне сәйкес ветеринария мамандары «некробактериоз» болжамды диагнозын қойды.

Ауру мал дереу оқшауланып, уақытты тиісті емдік шара жүргізілді. Нәтижесінде ауырған малдың барлығы жазылып, жайылымға қосылды. Өлім-жітім тіркелмеді.

Арал ауданы аймағында жергілікті ауқымдағы, табиғи сипаттағы төтенше жағдай жарияланды. Бұл өз кезегінде жеткізіліп жатқан жем-шөп шығынын арзандатуға, көлдерге су құю, құдықтар қазуға, т.б шараларды дер кезінде атқаруға мүмкіндік берді. Осыған облыс әкімінің резервінен 250 млн теңге қаржы бөлінді.

Қалыптасқан жағдайға байланысты көтерем малды сыртқа сату ұйымдастырылды және мал басын сақтап қалу үшін басқа өңірлерге уақытша жіберілді. Одан бөлек 450 бас жылқы көрші Ақтобе облысының Шалқар ауданымен шектестің тың аймақтарға (жайылымдарға) және 340 басы Қазалы ауданы Шәкен елді мекені жайылымдарына уақытша ауыстырылды. Бұл өз кезегінде мал шығынына қатысты жағдайды тұрақтандыруға мүмкіндік берді.

Биылғы төлді қоса есептегенде және алдағы қыста даладағы барлық малды қолға ұстау қаупін ескере отырып, ауданға қажетті шөп көлемі төрт түлік мал басына, яғни 205,8 мың бас малға 180 күнге (1 қараша мен 1 мамыр аралығы) 185 мың тонна болып нақтыланды. Бүгінгі күні осы қажеттіліктің 125,9 мың тонна шөп және 2,7 мың тонна жем жеткізілді, тиісті жұмыстар жалғасуда. Осының ішінде, қайырымдылық көмек ретінде басқа өңірлер мен облыс аудандарынан 2387 отбасына 901,8 тонна шөп, 5377 отбасына 1331 тонна жем таратылды.

Будан бөлек, «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» АҚ арқылы солтүстік облыстардан арзандатылған 480 тонна бидай жеткізілді. Жалпы облыс бойынша биыл қыстайтын мал басына қажетті шөп көлемінің 102,9%-ы дайындалса, бүгінгі күнге шаруашылық құрылымдары 98,8 мың тонна жем сатып алған.

Шаруашылықтар күріш сабағын жинау жұмыстарын да жүргізуде. Аудандардың мөлліметтеріне сәйкес бүгінге 145,2 мың тонна күріш сабағы дайындалды. Жем-шөп қорын жасау әлі де жалғасуда.

Айта кететін мәселе, бұл биылғы қиыншылықтарға байланысты мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаулар – мал азығын дайындауға қажетті арзандатылған 3,8 мың тонна дизель отыны бөлінді және шаруашылық құрылымдарына мал азығын сатып алуға кеткен шығындарды субсидиялауға Үкімет резервінен 1,7 млрд теңге қаржы төленді.

– Жаңа өзіңіз атап өткендей биыл Арал ауданында қуаңшылық болды.

Жайылымдық жер көлемі азайып, елдегілер біршама қиындық көрді. Алдағы уақытта осындай түйткілдерді шешу бағытында қандай жұмыстар қолға алынады?

– Рас, Сырдария өзенінде су мөлшері жылдан жылға төмендеп келеді. Биыл өңірде жауын-шашын аз түсті. Соның салдарынан Арал ауданында қуаңшылық болды. Ендігі кезекте жерасты су көзін тиімді пайдалану бойынша тиісті шаралар қабылданады. Облыстағы жайылымдық алқаптардың көлемі – 11,8 млн гектар. Мал шаруашылығын дамыту үшін шалғайда жатқан су көзін анықтау көзделген. Оларды өңірдің экономикалық әлеуетін арттыруға пайдалану үшін облыс аумағындағы су қондырғыларын түгіндеу жүргізілді. Нәтижесінде 2487 су қондырғысы анықталды. Оның ішінде орман қоры жерінде 426, қала және ауданның босалқы

қарған шаралардың нәтижесінде егілген дақылды сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік болды. Су тапшылығына байланысты, күріш егісінің көлемі қайта қаралып, 5,9 мың гектарға қысқартылып, 83,6 мың гектарға егілді. Оның орнына суды аз қажет ететін әртараптандыру бағытындағы дақылдарға басымдық беріліп, мал азықтық, майлы дақылдардың егіс көлемі өткен жылдан 9,8 мың гектарға артты. Жалпы егіс көлемі 3,9 мың гектарға артып, 188,1 мың гектарға егілді.

Су ресурстары комитеті мен облыс әкімдігінің вегетациялық кезеңде су тапшылығының алдын алу бойынша атқаратын бірлескен іс-шаралар жоспары

бекітілді. Каналдар арқылы су алу режимінің кестеге сай орындалуына мониторинг жүргізетін жұмысшы тобы құрылып, жедел шаралар қабылданды. Сонымен бірге шаруашылық құрылымдарына ішкі каналдар мен қашыртқыларды тазарту, су көзінен қашық немесе биік жерлерге егін екпеу жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Барлық магистральды және шаруашылықаралық каналдарға кезектестіріп су беру кестесі әзірленіп, күнделікті бақылауға алынды. Насос қондырғылары арқылы Қармақшы ауданындағы «Батыс Қармақшы» қашыртқысынан «Құрайлы» каналына, Шиелі ауданындағы «Жаңашиелі» каналынан «Қамыстыбақ» каналына, Қазалы ауданындағы «К-2-1» қашыртқысынан «Қазалы оң жаға» магистральды каналына су беру бойынша жұмыстар атқарылды.

Бұдан бөлек, қашыртқы суды қайта пайдалану үшін шаруашылықтар 93 насос қондырғыларын орнатты. Облыстық бюджеттен елді мекендерге 43 дана насос қондырғы сатып алу және облыстық коммуналдық меншіктегі 69 шақырым болатын 10 каналды, республикалық бюджет есебінен 65 шақырым болатын 10 каналды тазалау, «Қызылорда», «Өйтек» су тораптарына жөндеу жұмыстары жалғасуда.

Биыл егістікті сумен қамтамасыз етудегі қиыншылықтармен қоса экологиялық қажеттіліктерге су жіберу мәселесі күрделі болып отыр. Бүгінгі күні «Шардар» су қоймасынан Сырдария өзенінің төменгі ағысына жіберіліп жатқан су көлемі күрт төмендеп, секундына небәрі 30 текше метрді құрап отыр. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 45 текше метрге кем. Қазіргі кезде облыс аумағындағы 207 көл 10 пайыз шамасында толса, 17 көл толық тартылған. Осыған байланысты, Үкімет басшысына Сырдария өзенінің төменгі ағысына су жіберу көлемін ұлғайту мәселесі бойынша жоғарыдағы Қырғызстан, Әзбекстан, Тәжікстан мемлекеттерімен келіссөздер жүргізу жөнінде ұсыныс берілді.

Атап өту керек, Арал ауданындағы «Қамыстыбақ» және «Ақшатау» көлдер жүйесін суландыру мақсатында біршама жұмыстар жүзеге асырылды. Арал ауданында қалыптасқан қуаңшылыққа байланысты төтенше жағдай жарияланып, соның ішінде көлдер жүйесін сумен қамтамасыз ету мақсатында жедел шаралар қабылданды. Облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, Аманөткел ауылының тұсындағы өзеннің «Бұрмақұлақ» су арнасы бөтеліп, Б.Өтемұратов қорынан 4,2 млн теңгеге ескі «Аспай» су ағытқысы қалпына келтірілді. Осының нәтижесінде 24 тамыздан бастап «Қулы», «Жасұлан», «Ақшақыз», «Аққойсойған» каналдары арқылы «Қамыстыбақ» және «Ақшатау» көлдер жүйесіне су түсе бастады. Қазір көлдер жүйесі суландырылып, экологиялық жағдайы жақсаруда.

– Мемлекет басшысы Жолдауында Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметі бойынша 2030 жылға қарай су тапшылығының көлемі 40 пайызға жететінін атап өтті. Сонымен бірге, жаңа технологиялар мен цифрландыру арқылы суды үнемдеуге қошу керектігін айтып, республика бойынша 9 су қоймасын салуды тапсырды. Бұл бағытта қандай шаралар атқарылмақ?

– Республика аумағында салынатын 9 су қоймасының қатарына Қызылорда облысы бойынша 775 млн текше метр тасқын су жинайтын «Қараөзек» арнасындағы су қоймасы енгізілген. «Қараөзек» су қоймасын салудың негізгі мақсаты – «Қараөзек» көлдер жүйесін және малазықтық база құру бойынша шабындық-жайылымдық алқаптарды және Қазалы, Арал аудандарының егістік жерлерін суландыру. Жобаның жалпы құны – 1,9 млрд теңге. Өткен жылы республикалық бюджет есебінен жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленді. Келесі жылы құрылыс жұмыстары басталады деп күтілуде.

«Өйтек» су торабынан төмен қарай Сырдария өзенінің су өткізу қабілеті секундына 700 текше метр болса, қыста мұз ұстау себебінен су өткізу қабілеті секундына 425 текше метрден аспайды. Су торабынан жоғары орналасқан аумақтарда су тасқынының алдын алу үшін, тасқын

суды реттеудің бірден-бір амалы – өзен суын «Қараөзек» арнасы арқылы өткізу.

Жобаланатын су қоймасы «Қараөзек» арнасы бойында үш каскадтан тұрады. Бұл арна «Өйтек» каналының бас құрылысы учаскесінен басталып, Жосалы кентінің темір жол көпірінде аяқталады. Жүзеге асқанда 5,4 мың гектар суармалы жерді, 3,3 мың гектар көлдерді, 120,8 мың гектар шабындықтар мен жайылымдарды сумен қамтамасыз етеді.

Жалпы Үлкен Арал теңізіне жыл сайын қайтарымсыз кететін суды және Сырдария өзені арқылы қыс мезгілінде 70 пайызы келетін суды облыс аумағында тиімді пайдалану жолдарын қарастыратын боламыз. Су тапшылығының алдын алу, су нысандарының экожүйесін сақтап, оны үнемді пайдалану бағытында Үкімет әзірлеп жатқан алдағы 5 жылға арналған «Жасыл Қазақстан» Ұлттық жобасына облыстың 237 су шаруашылығы жобасын енгізу бойынша ұсыныстар берілді.

Сондай-ақ, 2025 жылға дейін облыс аумағындағы 30 магистральды және шаруашылықаралық канал цифрландырылады. 2025 жылға қарай облыста 45 мың гектар жерге су үнемдеу технологиялары енгізілмек. Мисал ретінде биыл «РЗА» АҚ Қазалы ауданында 87 гектар жерге жаңбырлатып суару әдісімен жүгері егуді қолға алса, алдағы уақытта Шиелі ауданында жаңбырлатып суару арқылы 10 мың гектар жоңышқа, тамшылатып суару әдісімен Жаңақорған ауданында 3 мың гектар қызанақ егу жобалары іске асырылатын болады. Бұл арқылы су ресурстары неғұрлым ұтымды пайдаланылып, вегетациялық кезеңде оның тапшылығына жол берілмейді.

– Мемлекет басшысының Жолдауында жер саласындағы ашықтықты, жер кадастрық ақпараттарға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін Жер қоры және жылжымайтын мүлік объектілері туралы деректердің бірыңғай ұлттық базасын құруды тапсырды. Осы бағытта қандай шаралар қабылданып болады?

– Жер қатынастары саласын цифрландыру бойынша Үкімет арнайы заң жобасын әзірлеуде. Осы жұмыстарды кезек-кезеңімен орындау бағытында облыстың Өңірлік геоақпараттық жүйесінің бірінші кезеңінде аймақтың бірінғай картографиясы, геопорталдың платформасы бірінғай талаптарға сәйкес жүзеге асырылды. Өңірлік геоақпараттық жүйе құру бағытында облыста 2021-2022 жылдары Қызылорда қаласы және оған іргелес елді мекендердің, ал 2023-2024 жылдары аудан орталықтары мен оларға қарасты ауылдық округтердің жер учаскелеріне түгіндеу жүргізіледі. Нәтижесінде жер қатынастары саласындағы бюрократияны жою, жерді рәсімдеу процестерін жеңілдету мен ашықтығын қамтамасыз ету, жер саласындағы көрсетілетін қызметтерді цифрландыру жолымен сондай-ақ халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту шаралары қамтылады.

– Тағы бір айта кетерлігі, кейінгі уақытта субсидия мәселесі жеңіл көтеріліп келеді. Бұл бағытта қандай жұмыстар жүзеге асады?

– Мемлекеттік қолдауларды ұтымды пайдаланудың нәтижесінде аграрлық өндіріс тұрақты өсуде. Оған дәлел ретінде ауыл шаруашылығы дақылдары өнімдерінің өсімі жыл сайын артып келе жатқанын айтуға болады. Аталған қолдау дер уақытында жасалуда.

Биыл саланы қолдауға 13,7 млрд теңге қаржы бөлінді. Оның ішінде егін шаруашылығын субсидиялауға 4,3 млрд теңге, мал шаруашылығын субсидиялауға 4,7 млрд теңге, инвестициялық субсидияға 2,1 млрд теңге, сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға 2 млрд теңге және басқа да бағыттарға 0,6 млрд теңге қарастырылған. Дегенмен бүгінде мал басының басым бөлігі жеке қосалқы шаруашылықтардың меншігінде. Тиісінше облыс бойынша өндірілетін еттің 81,7%-ы, сүттің 83,6%-ы жеке қожалықтар енішінде. Алайда мал шаруашылығын субсидиялау қағидаларында жеке қосалқы шаруашылықтарды субсидиялау жолдары қарастырылмаған.

Осы ретте Мемлекет басшысы жеке қосалқы шаруашылықтардың маңызын жайылымдық жермен қамтамасыз ету мәселесіне айрықша назар аударуды атап өтті. Оларға көрсетілетін қолдау тәсілдері «Жеке қосалқы шаруашылықтар туралы» бөлек заңды көрініс табуы керектігі айтылды. Аталған заң жобасын қабылдау жеке қосалқы шаруашылықтарды жүргізу кезінде туындайтын қатынастарды реттеуге, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің ұтымды пайдаланылуына, сондай-ақ жеке қосалқы шаруашылықтардың мемлекеттік қолдауға кеңінен қол жеткізілуіне мүмкіндік береді.

Тұтастай алғанда жеке қосалқы шаруашылықтардың әлеуетін ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту арқылы іске қосу жоспарлануда. Ол жеке қосалқы шаруашылықтар, шағын фермерлерді азық-түлік, жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының қажеттіліктерімен тік және көлдене кооперация тізбектері арқылы байланыстыруға мүмкіндік береді. Осыған орай, біз Жамбыл облысының «Алқаптан сөреге дейін» пилоттық жобасын іске асыру бойынша тәжірибесін зерттеуге назар аудармақпыз. Сол бойынша тиісті шаралар топтамасын енгізуге жұмыс жасаймыз. Бұл бағытта республикалық бюджетке 6,5 млрд теңгеге бюджеттік өтінім жолданды.

Президент тапсырмасына сәйкес агроөнеркәсіптік кешен саласындағы субсидия қаражатын талан-таражға жол бермеу мақсатында субсидиялау қағидаларын толықтай қарастырып, өзгерістер енгізу үшін тиісті ұсыныстарды орталық атқарушы органға әзірлеудеміз.

Әңгімелескен
Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»



БІЗДІҢ АУЫЛ

Ауылға кіре бергенде, ең алдымен биік мұнара көзге түсер еді. Тұрқы бес қырлы, бір қарағанда жұлдыз іспеттес. Мұны стелла деп те атап жүр. Биіктігі де бірден байқалады. Шамамен 20 метрден асады. Ең жоғарғы қабатында қос алақанның бейнесі анық көрінеді.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Бес жұлдызды нысанның салыну тарихы тым әріде. Бұл 1930 жылы бірігіп, Жаңажол деп ат берген бес шаруашылықты білдіреді. Бес жұлдызға неге тоқталды десеніз осы ғана. Бес шаруашылықтың ұйыған айрандай бүгінге дейін бейбіт еңбек етуі. Ұшар басындағы алақан бейнесінің үстіне осы ауылдағы басты шаруашылық «Жаңажол» ЖШС логотипі орналасқан. Ауыл ішіне көрік берген стелланың идеясын да, сызбасын да шаруашылық төрағасы Орынбасар Төлеповтің өзі сызған көрінеді.

Мұның жан-жағында әуенді субұрқақ, тамаша аллея, сауда орындары бар. Бұл айтқандарымыздың барлығы жақында пайдалануға берілген. Шаруашылық ол үшін 250 млн теңгедей қаржы қарастырыпты. Ал келер жылы дәл осында спорт кешені салынбақ. Ауыл абыройын көтерген азаматтар жайлы айтар әңгіме көп. Әрі қарай оқи беріңіз...

ШИРАЙ ТҮСКЕН ШАРУАШЫЛЫҚ

Сонымен біз Дүр Онғарға келіп қалдық. Дүркірей дамыған ауылдың бірі. Қармақшы ауданына қарайды. Тәуелсіздіктен кейін де өз ішінде шашау шығармай, шын еңбектің көзін тапқаны бірден көрініп тұр.

Жоғарыда айтқандай, кеңестік дәуірде бұл жерде бес майда шаруашылық колхоз болып бірігіпті. Сол біріккен шаруашылық әлі күнге дейін іргесін бұзбай келеді. Тіпті тоқырау кезінде өзге ауылдағы егін не мал шаруашылығы тарамдала бөлініп, жекеге өткенде мұндағы тұтастық сақталып қалған. «Жаңажол» деп аталған серіктестік облыстағы ең үздік шаруашылықтың қатарында қазір.

Ел бірікпеген еңбек етуде. Озаттар көп. Жалпы биыл судан мәселе болмады емес, болды. Бірақ, халық несі-бесі дейтін бар. Егіннің шығымы жақсы болып тұр. Өздерің де басқа шаруашылықтарды аралап келесіңдер, байқап отырған боларсыңдар, — дейді ауыл ішін таныстырып жүрген ауыл әкімі Әбимүсілім Қоқанов. Біздің де құлағымыз әңгімеде, суретке де түсіріп үлгерудеміз. Бұл кезде әкім шаруашылықтың аз-кем тарихын да айта бастаған.

Жалпы елдің өсіп-өнуі туған жерін сүйетін азаматтарға байланысты. Ауылдың абыройлы болмағы да содан. Бес колхоз біріккенде 1930 жылы Қали Бексебаев деген атамыз алғашқы төраға болған екен. Содан бері Алмағанбет Ысқақов, Өміртай Итқараев, Маханбет Анафин, Тілеген Әбілқешов, Әбу Құрманбаев сияқты әкелеріміз осы ауылдың гүлденуіне көп күш жұмсады. Беріректе Аяған Боқанов, Кәрімберді Жаханов дейтін ағаларымыз еңбек етті. Тәуелсіздік алдында, яғни 1988 жылдан бастап 1993 жылға дейін шаруашылық төрағасы Болатбек Сүлейменов болып, бес жыл басқарды. Одан кейін Қылышбек келді. Облыс білетін Қылышбек Әбішевтің жұмыс істеуі бөлек еді. Бұл ел бұрын колхоз болған соң ба, өз баста нарыққа үйренген. Өйткені, коллективтік шаруашылық болған соң өз күнімізді өзіміз көруіміз керек, — деп ағынан жарылды Әбимүсілім Қоқанов.

Иә, ауыл әкімі сөзінің жаны бар. Тәуелсіздік алған жылдары жекешелендіру саясаты қарқынды жүрді. Бұл реформа жаңажолдықтарға да келген. Бірақ Қылышбек Әбішов бастаған ел ағалары бұдан бас тартты. Бұрынғы сүрлеуді тандады. Ешкім бөлінбейді, шаруашылық өз күнін өзі көруі тиіс. Елдегі ақсақалдардың айтуынша, «бөлінгенді бөрі жейді» деген ұстаныммен барлық бригада басшылары біріге білген. Ешкім қара басын ойлап, қызметке құмартпай, шаруашылықтың іргесін шайқамауға бел буған. Содан бері 30 жылға жуық уақыт өтті. Ауызбіршіліктің арқасында қазір серіктестік кеңестік дәуірдегі техниканы ысырып, 90 процентін жанартуы — шаруашылықтың бөлінбегенінің арқасы. Жерге талас, жұмысшылардың құқы таптаулы деген бұл жақта болмаған.

Қылышбек Әбішевтің абыройлы еңбегін 2016 жылдан бастап Орынбасар Төлепов жалғастырып келеді екен. Шаруашылық төрағасы болғаннан кейін бұрынғы үрдістен жаңылай, «барлық жағдай өз ауылыма» деген қағиданы мықтап ұстанған.

«БҰРЫНҒЫЛАРДЫҢ БӨЛІНБЕГЕНІ – БҮГІНГІ БІЗДІҢ БЕРЕКЕМІЗ»

Шаруашылықтың бас агрономы осылай дейді. Айтпақшы, біз осы елдегі сапар барысында төрағаның өзін жолықтыра алмадық. Облыс орталығында іссапарда екен. Есесіне шаруашылықтың жүгін көтеріп жүрген азаматтармен пікірлестік.

ҰЙЫСҚАН ЕЛДІҢ ҰТАРЫ КӨП



— Иә, тоқырау кезіндегі жекешелендіру саясаты бізге де келді. Бұл реформаға ауыл болып қарсы тұрған болатын. Расы сол, біздің алдымыздағы шаруашылықтың бар жұмысына мығым ағаларымыз да осы жолды ұстады. Мемлекет «бөл» дегенде олар да басын шайқаған. Ақсақалдардан бастап кейінгі буынның бірлігі, мықтылығы ғой бұл, — дейді бас агроном Төлеу Ералиев

Ауылда 400 үй бар. Ал шаруашылықта 350 адам жұмыс істейді. Маусымдық кезеңде бұл сан өсуі мүмкін. Әр тоқсан сайын шаруашылық есебінен жан басына он келі ақ күріш беріледі. Ең төменгі бағамен. Жем-шөпті де солай.

Үздіктерге жылда көлік мінгізіп, қомақты ақшалай сыйлықпен марапаттап келеміз. Атап айтсақ, сушы Бағдаулет Байдрахманов 34 гектардан 100 центнерге жуық күріш жинады. Жатқа айдайтын Тұрсынбек Досанов «Магдон» техникасымен 600 гектарға жуық егін орды. Ал комбайнерлердің арасынан Бақытбек Берлібаев дейтін азамат былтыр 30 мың 705 гектарға жуық астық бастырды. Осы жігіттердің барлығы да жыл соңында көлік мінді, — дейді Төлеу аға.

Иә, былтыр шаруашылықтағы 21 күрішші 70 центнерден жоғары өнім алыпты. 5 озат механизатор және осы оладан зейнетке шыққан Ақсақалдар, жерде

барлығы 28 адам «Жаңақорған» шипажайына шаруашылық есебінен демалып та қайтқан. Сондай-ақ егіншілер болсын, механизаторлар болсын, жыл соңында барлығы да сыйақыдан құр қалған емес.

Барлық бригадирлер мен сушылар ақшалай сыйлық алды. Механизаторлар да солай. Оның ішінде астық тасушы, комбайнер, жатқа айдаушы, тракторшы мен механигіне дейін бар екені түсінікті. Бұған слесарьлар мен дәнекерлеуші, құрылысшы, агроном, есепші, басқа да жұмысшыларды қосыңыз. Ауыл тазалығына жауаптыларға, сондай-ақ аспаздарға да қаржылай сыйақы берілді. Бұл — жылдағы сабантойі кезіндегі марапаттар, — дейді шаруашылықта ұйымдастырушы-программист болып қызмет атқаратын Серік Сапақов.

Ал қырман басын таныстырған Балтабай Сәметов біраз жаналықты бөлісті.

Күріш ақтайтын үлкен зауытымыз бар. Тәулігіне қырық тонна қара күрішті өңдей алады. Көрші облыстардың барлығына, яғни ішкі нарыққа сатылады. Сондай-ақ былтыр қырманға электронды таразы орнатылды. Қазір егін жинау жұмыстарының 90 проценті иегерілді. Кешегі 1 қыркүйекте басталған жинау, бастыру сияқты жұмыстар ұйымшылдықпен атқарылды. Аз күнде биылғы қорытынды да шығады, — дейді қырман меңгерушісі Балтабай Сәметов.

Тау-тау үйілген дәнді «погрузчик» дейтін жалпақ атауы бар тракторымен қоймаға тасып жүрген Сәндібек ағамен де тілдесіп қалдық.

1977 жылы мектеп бітірген соң осы шаруашылықта жұмыс істедім. Содан бері табан аудармай келемін. Механизатор мамандығын игеріп, 27 жыл комбайн айдалым. Жасым зейнетке таяп қалды. Келесі жылы шаруашылықтағы еңбек өтілім 43 жыл болады екен, — дейді Сәндібек Сүлейменов.

Оның айтуынша, жұмысын шын сүйген адам беріле істейді. Бұрыннан бөлінбеген серіктестікте айлық тұрақты әрі уақытылы. Керегінді де осы шаруашылықтан көмек ретінде ала аласың. Жалғыз жұмысшылар емес, шаруашылыққа қатысы жоқ ауыл адамдары кез келген жағдайда осында көмекке жүгінеді екен.

Мұнда басқа ауылдан көшіп келіп жатқандар бар. Жастар жұмыссыздығы деген жоқ. Үздіктерге жылда көлік мінгізіп, қомақты ақшалай сыйлықпен марапаттайтын дикан ауыл осылайша ауызбіршіліктің ең биік нүктесінде тұр.

ДИҚАНДАРҒА ДӘМ ТАТҚЫЗУ ДӘСТҮРІ

Шаруашылық биылғы науқанды тамаша жетістікпен аяқтаймыз деп отыр. Осы жылы 2920 гектарға жуық күріш еккен. Оның ішінде «Лидер» сорты — 2400 гектар. Өзіміздің жергілікті «Сыр сұлуы» сортынан 450, ал «Янтарь» сортынан 70 гектар күріш өсіріпті. Орта есеппен гектарына 70 центнерден өнім алу межеленген. Ауылдың басым бөлігін жұмыспен қамтыған серіктестікте орташа айлық 100 мың теңгенің үстінде екен.

Одан басқа, жүгері, бидай, картоп және жонышқасы бар. Егінді әртараптандыру үдесінен де шығып келеді. Көкөніс пен бақшаны молынан төгіп, 4 гектар жерге алма бағы егілген. Айтпақшы, бақ демекші, келер жылы Жаңажолдың алмасы нарыққа шығады деген сенім бар.

Бір қызығы, Дүр Онғар ауылындағы ақсақалдар бас болып, қырманға күнделікті әкі мәрте ет асып апарды. Қасында қымызы мен шұбаты тағы бар. Бұл дәстүр егін жинау маусымында жүреді. Ешқандай талап жоқ, ауыл халқының өз қалауымен істеліп жатқан игі іс. Іштей танырқайсың мұндайда. Күнге тотыққан егіншілердің қарны тоқ болса, қабағы да жадыранқы, жұмыс та жылдам жүретіні анық қой.

Ұзынсонар кезек басталады мұндайда. Төрағаға алдын ала ескертіп, «бүгін немесе арғы күні менің тамақ бергім келіп еді» деген ұсыныспен кезекке тұрады. Аналарымыз бен жас келіндер дәмді астың неше түрін дайындап, қырманға әкеледі. Егіс басына да жіберіледі. Дикан қауымға дәм татқызу дәстүрі бұрыннан да бар. Тіпті, мал атап соятындар кездеседі. Бұл — еңбекті сүйген ауыл азаматтарының бірлігіне сызат түсірейтін жақсы дүние, — дейді қырман меңгерушісі.

ТАЗАЛЫҚТЫ СҮЙГЕН ЖҮРТ

Бір кездері ауылдағы әр отбасы 25 тал егуге міндеттелген. Тіпті өріске шығатын ірі қараның тезегі көшеде жатпауы тиіс. Қалай жерге түсті, сол замат ауыл келіндері қағып алып, қосысқа құртып отырған. Тазалықты өз ауылдарына бастайтын Дүр Онғардың тұрғындары ертеден келе жатқан тәртіп сабақтастығын әлі бұзбай келеді.

Елге келген қонақтар таңқалды. Тіпті, аудан не облыстан келгендер осыған сенбей жүрді. Қылышбек ағаның кезінде үйдің алдында қоқыс жатпауы тиіс болды. Таң алдында өріске кеткен малдың тезегін ауыл келіндері тазалап алатын. Тазаланбай, ұмыт қалса, тез арада тәртіпке шақырушы еді. Халық бұған тез үйренді. Бір жылдары республикалық телеарнадан келген тілшілер осы жағдайды көріп, сенбестік танытқан ғой. «Мүмкін, біз келеді деп ауыл әкім тазалатып жатқан болар сіздерге?» деген сұрақпен бірнеше адамға барыпты. Сондағы естіген жауап біреу-ақ. «Айналайын-ай, бұл көшенің тазалығын сақтау бұрыннан қалған үрдіс еді. Тазаланбаса, сол күні бірдене бүлдіргендей қуыстанып жүретініміз бар. Қазір біздің үйреншікті өз жұмысымыз бұл» депті біздікілер. Барлық жерде сондай жауап айтқан. Расымен, ауыл ішін де, сыртын да таза ұстау өзімізге керек, — дейді тағы бір әңгіме барысында ауыл әкімі.

Бізге қызық көрінгені, ауыл ішіне кіре бергенде алдыңнан шлагбаум секілді кедергі тұрады. Жеңіл машиналарға қолайлы. Ал трактор мен үлкен жүк көліктері бұдан өте алмайды. Себебі біреу-ақ. Тонналап астық таситын көліктердің ауыл ішіндегі көше жолдарына зияны тимеу керек. Олар үшін сыртқы жол арнайы салынған. Егістіктен қырманға дән таситындардың барлығы соны айнала жүреді екен. Бұл да бір есептен, көше мен үй арасы шаң болып, тұрғындардың әбiгерге түспеуіне немесе жолдардың тез тозбауына қолайлы жағдай еді.

Жалпы бұл ауылдың адамдарын жартылай әскери десек те артық айтпаспыз. Мәселен, басшылық тараптан қандай да бір тапсырма берілсе, ол уақытында немесе одан да бұрын орындалады. Кешікпейді. Бір жерге жиналу керек болса, бір сағат бұрын келіп алатындар да бар. Жұмыс уақытында бейсауыт жүріске жоқ. Бүгінгі аға буын осындай үлгіні артынан ергендерге айтып емес, өз іс-әрекетімен көрсетіп келе жатқанына риза боласыз.

Қазір шаруашылықтың бес бригадиріне арнайы жоспар бекітілген. Солар өзіне тиесілі көшенің тазалығына, тіпті тұрғындардың жеке мәселесіне де жауапты.

БЕРЕРІ КӨП

Облыстан 150, ал ауданнан 40 шақырым қашықта орналасқан Дүр Онғар ауылында кәсіпкерлер де көбейген. Төрт шаруа қожалығы бар. Мал басын өсіруге ден қойғандар жеткілікті. Ірі қара өсіруге ынталылар көп. Оны өсіріп қана қоймай, өнімін бүгінгі талапқа сай өңдей бастаған. Мысалы, осы ауылдың 25 жастағы тұрғыны Дархан Айманов сүт өнімдерін шығаратын шағын кәсіпорын құрыпты. Үкіметтен 10 миллион теңге жекілдетілген несие рәсімдеп, қажетті құралдарын сатып алған.

Өнім шығаруды биыл 1 маусымнан бастадық. Мұның алдында ірі қараға осындай қаржылық қолдаумен несие алып, ол берешектен де уақытында құтылдым. Қазір 20 бас сиырым бар. Соның күнделікті сүтін пайдаға асырып келемін. Күніге 500 литр сүт өңдейтін құрылғымен кілегей және сүзбе дайындаймыз. Үлкен де, кіші де жаппай құмартатын құрт бар. Ал жазда цехта балмұздақ дайындап көрдік. Өз ауылымыздың кішкентайлары да таласа-тарамаса алып кетеді. Жоғарыда айтқан өнімдер әзірге аудан орталығындағы дүкендерде сатылуда, — дейді шағын кәсіпорынның басшысы.

Расы сол, ауыл аралап жүргенде, айналадағы көрініске көз тояды. Үлкен мешіт, алаңда үлкен әрі әдемі көше сағаты, жаздық концерттік сахнасы бар. Мектеп пен балабақша, дәрігерлік амбулатория жұмыс істеп тұр. Тіпті жұмысшылар жалақысын банк картасы арқылы ауылдың өзінен алады. Шаруашылық басшылығы аудан не облысқа қарай зуре болмасын деген оймен Дүр Онғарға банкомат та қойдырған.

Мектеп демекші, былтыр бітірген түлестердің барлығы грантпен оқуға түскен. Үш «Алтын белгіні» иемденген ауыл мектебі елге тұтқа болар азаматтарды дайындап келеді.

Иә, қазақ қайырымды істен шет қалмаған. Онысын тағы жалаулатуды жақтырмаған. Біз білгеніміздей, «Жаңажол» ЖШС төрағасы Орынбасар Төлепов мұндай бастамалардың ылғи басында жүреді. Жұрт мақтаудан жаншылмайтын қармақшылық төрағаның кешегі пандемия кезінде ауыл емханасы мен тұрғындарына 1 млн теңгеге қажетті дәрі-дәрмек пен «Бобров» аппаратын жедел алдыртқанын да естідік. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған республикалық «Жомарт жүрек» байқауының облыстық кезеңінде жеңімпаз болған, «Жыл меценаты» атанған Орынбасар ағаның жағымды ісі жалғыз бұл емес. Бір ғана мысал, шаруашылық төрағасының ұйымы болуымен кешегі Қарттар күнінде дүрөнғарлық 159 және көрші Иіркөл ауылындағы 27 қарияға сый-сияпат тарту етілген. Одан бөлек, 13 мүмкіндігі шектеулі жанға да осындай қамқорлық жасапты.

Бәрінің айтатыны бір сөз. Шаруашылық қамқорлығын аяған емес. Қандай да бір қажеттілік болса, демеушілік көрсетуде. Кейбір аудан не облыстағы шараларға да белсене атсалысады.

Түйін. Ел мерейін аскақтатқан Тәуелсіздікке биыл 30 жыл. Осы уақытта Сыр өңірі сәулетті, дәулетті, ырысы мен ынтымағы жарасқан елге айналды. Біз айтып өткен, Тәуелсіздік жылдарында өсіп-өркендеудің өнегелі жолына түскен мұндай ауылдар уақыт өткен сайын көркейіп келеді.

Суреттерді түсірген
Н.НУРЖАУБАЙ





1. Нала керген

Хорасаннан¹ көшіріп елін Сырға,
Селжүктердің² сұлтаны

Санжар мырза,
Мәртебесін өсіріп, орда орнатты,
Арқа – батыс астасқан алып қырға.
«Жібек жолын» жалғаған шаһарының,
Ірге, жоны көмілген алау, нұрға.
Құндағы қуат беріп, қие сінген,
Әл Фараби, Қорқыттай даналарға.
Ұлы керуен тұз тасып, кіре тартқан,
Дәм күдіретін сездіртіп әлем-шарға.
Тамыр тартқан Ұлы елі

Сүлеймен шахтын³,
Арқау болған әфсана-аңыздарға.
Ата қазық, кіндік жұрт, Жанкент⁴ еді,
Өлемді мойындатқан оғыздарға.
Берекесі тасыған атамекен,
Аярлықтан айналды үйінді, орға.
Қорғанның керегесін нала керіп,
Қарғыс атып, тұлданды бағы сорға.
Қызғаныштың құрбаны Бегім сұлу,
Қуға айналды, қонақтап мәңгі жырға.
Дұшпан – ашу ақылын адастырып,
Күмәнданды кіршіксіз асыл арға.
Уәзірдің өсегін пайымдамай,
Жала жапты негізсіз ғашық жарға.
Қолын шауып, бұрымын кесті-дағы,
Зындандағы қамады қапас торға.
Патшаның кер кептеген көкірегін,
Келемеждеп кемірді қара қарға.
Аспаннан мес түскенде жылан толы,
Алданғанын түсінді жалақорға.
Наза буды, төгілді абыройы,
Жылан сорып, айналды мұндар-қорға.

2. Санжардың сәтсіз саяты

Арқасында «Сарыарқа»,
«Қаражал» бар,
«Бетпаққа» тіреледі құба жондар.
Шығыс-төркін ұзатқан Әму-Сырдың,
Қыз ғұмыры қосылған айдыны бар.
Құрсағиынан үзілген ұлы «Тетис»⁵,
«Көктеңіз» – ол, әлемде айбыны бар.
Тұранның төріндегі бұл шаһардың,
Ту сыртынан жортады азулы аңдар.
Ай толса ажарланып шағылады,
Күн көктеп, жел жалаған қолат-қырлар.
Торғайдың қақпасынан ағылады,
Бағытынан жаңылмай жануарлар.
Құбыласы керілген жазық дала,
«Үстіртті» мекендейді құлжа-арқар.
Жек-дуадақ қатқылда күй ойнайды,
Ғажайып жорға жүріс зейін тартар.
Маталып акбөкендер «Ақтақырда»⁷,
Құралайын ерітіп, өріс жалғар.
Қылқырық құлан желсе құмдарында,
Құстарға көлдер – сая,

жайлау – шалқар.
Ұшып келіп, көбейіп қайтарында,
Қорқыт-қобыз әуенін әуеге айтар.
Көшіп-қонған ғұндардың ен жайлауын,
Аң аулап, саяттады сұлтан Санжар.
Жыл он екі ай шеберлер құрал соғып,
Қолданылды өнері скиф-сактар.

... Күйі келіп, бапталған Қаракермен,
Балдақ⁸ конған басына күміс ермен.
Саятка шықты Санжар көңіл тасып,
Қапталында уәзірлер озбай, желген.
Қызмет етіп, қызыкқа қандыратын.
Артынан айдауылдар, нөкер ерген.
Мизамның мезеті еді дала тұнып,
Тіршілікке мейірім, шуақ берген.
Ат тұяғы дүбірлеп келе жатыр,
Бетегелі, жусанды, бозды жермен.
Бағыты батыстағы «Атанбасы»⁹,
Айналасын құрақ, көл, өзен керген.
Бар еді сұлтанына жақын уәзір,
Атейісі, құсбегі әрі мерген.
Мүлтіксіз орындайтын саят заңын,
Қыранының жадыбын соған сенген.

Көзі жанып, елендеп қарағасын,
Сұрады оның иесі томағасын.
Балдақтан қанат қомдап ұмтылады,
Түбіт түлеп жас қыран жарағасын.
Уәзір:
– О, тәйірі,
Кеше кеште қажетке қайыс тіліп,
Жүргенімде асығыс, шығып-кіріп
Ұмытыпшы хан ием, томағаны,
Керегеге қойып ем, баудан іліп.
Ұрықсат бер, тезірек әкелейін,
Артыңыңдан жетемін желдей желіп.

Томағаны алуға келгенінде,
Бегім сұлу ажарын көргенінде.
Есі кетіп уәзір таулы қалды,
Қолын созып ұстаға бергенінде.

Жүрегіне шок түсіп, жалындалы,
Ерік бермей тулады тамыр-каны.
Ой бұзылды, ұмытып бар шаруаны,
Кешке дейін кешігіп, шықпай жаны.


Түтігіп, хан ақырды кідіргенге,
Саскалақтан тұрғасын пақыр-пенде.
Іші сезіп сұмдықты, сұрақ қойды,
– Кешігудің айт қане, сыры неде?

«Мен жазықты емеспін, уа, хан ием,
Суға батып, отта да сізбен күйем.
Ханымның назданып, мойыныма,
Оратылып, деп айтты: «сізді сүйем».

...Әрі қарай тыңдамай, кері шапты,
Уәзірі кигізді қанды қапты.
Ашудан көз көрмеді, құлақ реңең,
Қара бақай, денені қанталапты.
Аттан түсейі, түтігіп ханымды хан,
Бұрымынан уыстап сүйіреп жатты.
Ешнәрсе сұрамады, тілдеспеді,
Есіне да алмады Жаббар хакты.
Бұрым кесіп, қылышпен қолан шапты.
Алып кет деп бұйырды қолар-құлға,
Иегімен көрсетіп зындан жақты.

3. Қарабураның ¹⁰ қарғысы

Жүректегі жауһары шағылғандай,
Сүйек сыздап аязға қарылғандай,
Қарабура мазасыз күй кешкен-ді,
Қазыұрттың қырлары жарылғандай.
Сезінді сезім тіні мағұнатты¹¹.
Қысқарған күздің таңын атыра алмай.



Бегім ана

Бұрымын, ақ білегін Бегімінің,
Яксарт¹² шайқап, сүзгілеп жатырғандай.

Елемей арадағы қашықтықты,
Қарабура сол күні жолға шықты.
Өкшелеген бұйра бұлт қаһарынан,
Жалба бұлттар жантайып, дауыл ықты.
Софының саф назарын қалт жібермей,
Демеу болды Шашты Әвиз Баба түкті.
Шаһары Санжар ханның көрінгенде,
Ой сараптап, әулие терін үкті.
Хан жатыр көлбеу тіккен ақ шатырда,
Ірге түріп, ағытып белдеулікті.
Мақсаты суыт келген қайынатаның,
Көз жеткізіп, анықтау әділдікті.

... Желбегейлі ақ шатыр, босаға алтын,
Ажар кетіп, құт қашқан, суық-салқын.
Азапты оқиганың кесірінен,
Күдік, үрей жайлаған шаһар халқын.
Қатар тіккен арнаулы қосынында,
Қыран отыр көңілсіз тұғырында.
Төңкерілген томаға көз шалады,
Жаман ырым саяттын ұғымында.
Жаны ілініп кереге қақ басында,
Қылыш сыймай, қабарды дәл қасында.
Кім біледі киеден ісінді ме,
Ақ пен қара аяусыз айкасында.
Көзқаракты, сезімтал әз әкенің,
Мән бар еді зерделеп, қарасында.
Төгілген нақақ қанға алтыны ағып,
Көні көктеп, еріпті қорғасын да.
Сурақты төте қойды Санжар ханға,
Екшелеп жағдаятты санасында:
«Қарағым, жәй емес-ті келіс мұнда,
Тағдырың таразыда, арын сында.
Бегімді көзіме көрсет деді,
Жалтарсаң аямаймын, төзім шыңда».
Санжар:
«Ғашық болып үйленген жарым еді,
Балам жоқ, дүниедегі барым еді.
Саят құрып мен аңға кеткенімде,
Хан шатырда бір өзі қалып еді.
Ұмытқан қыранымның томағасын,
Өкелуге уәзірім барып еді.
Тағатымды тауысып кешеуілдеп,
«Бегім жоқ, бойым лас не етемін деп,
Аяғыма оралып еңіреді,
Енді қалай қызмет етемін, – деп».

«Бұйырдым, шыныңды айт деп,
бұл не қылық,
Шанырақ құлады ма, шатыр сынып».
«Жо... жоқ, хан ием... кешіріші», – деп,
Баяндады жағдайды жатып-тұрып:
«Ақ білегі асылып мойныма,
Тұр-ханым ене берді қойыныма.
Сөз таппай, сасып қалдым қапияда,
Түсінбедім, хан ием, ойыны ма?
Мыым солып, құлағым шыңылдады,
Шошығаннан ту денем ауырлады.
Белдеудегі атыма жете алмай,
Қу табаным қақайып қайырлады.
Назбедеу, қашатұғын ниетті ұғып,
Төрт аяғын көсіліп бауырлады.
Кешігудің мәні осы, ендігісі,
Қолыңызбен басымның шабылғаны».
Қарабура:
«Қысқарт, жетер, сенбеймін

Санжар саған,
Дәлелінді айт көз көріп, қол ұстаған.
Өсегіне ермейді жалтабанның,
Алу қысып, алқынып намысты адам.
Сүренсіз айналаң мен амалыңнан,
Сезіледі басқаның шалыс қадам».
Санжар:
«Кім едің ордама кеп қилігетін,
Зинакор қызыңды ақтап шүйлігетін
Алғысың ба софы әвиз маған айтқан,
Лактыртпаған ит-құсқа сүйек-етін.

Таспа тілдім, таңбалап сылып жонын,
Бұрым кесіп, ұстандым салттың жолын.
Шаппай қалай шйдаймын әйелімнің,
Тоңмойынға асылған харам қолын».
Қарабура:
«Күнәсіз болса қызым, аян келер,
Көбік шашып, бұйдасыз бурам желер.
Ордалы жылан жайлап шаһарынды,
Жоқ етіп орыныңды, зауал берер.
Қолын, тәнін, бұрымын асылзаттың,
Ғайып-Ерен қамқорлап, Қыдыр өтер».

... Софы әвиз жерге келді сырды бүккен,
Құмжиек, қара табан, көбір кепкен.
Бу жылыстап, көз тартты ортадағы,
Айналыра көмілген «наржілктен»¹³.
Шыр айналып құдықтан су тартады,
Жуан санды сары атан шығыр жеккен.
Донайбатты түсшаруа¹⁴ сырт жағынан,
Жиып-теріп қоқысты жүрді еппен.
Төрттағандан қақпадан жылжымайды,



Тілік танау торғауыт¹⁵ ерні кепкен.
Зындан деген ұлымы осы шығар,
Жер астына азаптың зорін төккен.
Төбесінде дөңгелек терезе бар,
Қой терісін ағашқа керіп кепкен.
Әкесінің келгенін сезді Бегім,
Отырғанда қапаста кебенекпен.
Шыңылтыр көн¹⁶ шытынап

белгі берді,
Ерекше бір сәулемен бойдан өткен.
Әвиз әке ақыры тапты қызын,
Бұрымы жоқ, қолы жоқ, өңі кеткен.
Сабыры көтерсе де қиянатты,
Қабырғасы қайысты ыза-кектен.
Тәңіріне тапсырды, қорға делі,
Жаратылған перзентін тіні тектен?!
О, тоба,
Ақ тұмандық сөгіліп «Құс жолынан»¹⁷,
Ақ пердесі шұбалып қыр соңынан.
Бұрымы мен қолы жоқ аруды орап,
Қырық шілтен көтерді зынданынан.

Аппақ болып айнала Қыдыр өтті,
Қолы келіп орнына, бұрым бітті.
Ақ перделер айналып ақ мамыққа,
Адам емес, Бегімді аққу етті...

4. Бегімнің әкесімен қоштасуы

Қайғы шектің, қан жұттып, жаным әке,
Анам, Әмбар¹⁸ бақида, барым, әке.
Өзен өтіп, от кешкен перзент үшін,
Рухы берік, қатепті шарым, әке.
Танбалы түр-бейнемді көрмегейсіз,
Білесіз таза екенін арым, әке.
Кешіргін өтелмеген пазымыңды,
Бұл фәни енді маған сағым, әке.
Жүрегім, жан-тәніммен құшақтаймын,
Өн бойымда тасып тұр қаның, әке.
Қайыр қош, ахиретте кездесейік,
Ұрықсат бер ұшуға, жаным әке...

Қош... қош, қайтейін, жаным балам,
Жарылқасын алдыңнан Жаббар Аллам.
Анаңмен, Әмбарыңмен қауышқайсың,
Арттарыңнан кешікпей мен де барам.
Замана өзгерсе де рухың өлмес,
Қадір тұтар кейінді, мынау ғалам.
Кездескенше мақшарда,

қош бол, балам ...

5. Аққу-пора¹⁹, Көктеңіз

Көктеңізге жеткенде жаралы аққу,
Тоғытылып толқындар көтерді ақ ту:
Аппақ ардың белгісі ол – көбік ақ ту!
Тылсым тілмен тілдесіп айдынына,
Аймалатып ақ төсін жылады аққу.
Жылады аққу – Бегім аққу –

азалы аққу!

Өртенген өзегіне сабыр тауып,
Қанаттарын қайыра қомдалды аққу.
Шалқар теңіз, көк аспан, жерден артық,
Дауа жоғын түсінді қайран аққу.
Бауыр рет бой жазып, нұрлы көкте,
Ақырғы рет бой жазып самғады аққу.
Бауыр еті – бала жоқ, жар – опасыз,
Жалғыз Әмір сүрмейді, сірә да, аққу!
Күн айналып, түн келді орайласқан,
Ай толғатып, түнерді арайлы аспан.
Зипа тәні ауырлап, мезет туды,
Өмір, өлім алысып жағаласқан.
Кен омырау, созылған мойын қандай,
Соңғы сұңқыл шығарды асыл таңдай.
Қауырсындар тізіліп жайған қанат,
Хас шебердің қолымен қойылғандай.
Қоштасып, ғафу айтты әуесіне,
Ұйып қалды айнала әуезіне.

Астындағы көк суға көзін тігіп,
Дайындалды келместің кемесіне...

...Көктеңіз аласұрып тіл қатқандай,
Күдірет күші итерді зілбатпандай:
«Маған келсең мәңгілік жұтыласың,
Жемтік болып тас жарға тұтыласың,
Артқа қара, ұядай аралым бар,
Ғасырлармен жасайды қалған жасың».

... Жөн сілтеді Көктеңіз буырқанып,
Құрттай арал бусанды, шымырқанып:
«Тіршіліктен таппаған бақытыңды,
Мен беремін дегендей төсін ашып».
Құлдырап Ұялыға асықты аққу,
Көзі шалды нысана қазықты аққу.
Ақ таңы ай сәулемен шағылысып,
Кебенегін самалға тапсырды аққу.
Тәңірімен табысар жерін тауып,
Шүйдесімен, жарықтық, құлады аққу.
Соңғы демін шығарды текті пора,
Жүрегінен сөңдірмей намыс-от ту!
Көктеңіздің ұлтаны ығыстырған,
Көк шаланнан²⁰ кебінді киінді аққу.
Нұр пәктеген денені құм қорғалап,
Жер қойнына еңдірді сол бір ақ ту,
Содан бері Бегмана, Бегім аққу!

6. Жыландар жады

Күн тұтылды, сәулесі жарқылдамай,
Қаздар қонды көліне қаңқылдамай.
Алай-дүлей құм-дауыл көтерілді,
Аспан жерді арқалап алқынғандай.
Жыбырлаған жәндіктер інге кіріп,
Бас сауғалап, жан бағып жатырғандай.
Тенселеді ыргайлар, шөптер солып,
Көркі кетіп, құлазып жақын маңай.
Тұлдыр тақ, бағы ұшқан сарайында,
Санжар отыр түнеріп, қимылдамай.
Басы қатып, сенделді уәзірлер,
Орын алып, шаһарда түрлі жағдай.

... Санжар хан уәзірімен сыртқа шықты,
Дүлей дауыл дамылдап, жел тыныпты.
Тылсым күш айдап келген ала бұлттар,
Көтеріп тұр көлденең көн қапшықты.
Көленкесі қимылдап сездіреді,
Бұрын ешкім көрмеген
«Тұр»²¹ ғайыпты.
Қала халқы шошынып бір дыбыстан,
Үрейленіп үйіне тығылыпты.

Көн қапшық мстей болды домаланып,
Бұлт сөгілді сауырдан салаланып.
Ой, пір-ай, мұндай іс те болады екен,
Түсіп келед төмендеп, дараланып.
Тенкііп жерге түскен сұлбасына,
Танданып қарады жұрт қораланып.

Санжар хан адымдалы меске таяп,
Қолында күміс сапты ағаш таяқ.
Пушпағынан түрткілеп көріп еді,
Атқылады аспанға улы будақ.
Жалын-лебі суырып қара жерді,
Айналасы тарылды аядай-ақ.
Жылан басы көрінді сұхы жаман,
Бір сұмдықтың белгісі ол, болары хақ.
Жан сауғалап, зәре ұшып қашты бәрі,
Ханы, уәзірі, құлы да тобанақ.
Жылан шағып өлтірді қала халқын,
Қара перде жамылды батпай жалқын.
Қыбырлаған адамсыз тұл тамдардың,
Іргелерін қарыған үсік-салқын.
Құлаздыды кең дала иесі жоқ,
Түгі солды, қалтырап

құрттай зарқын²²..

... Арғымақ аттап өтіп апан, орды,
Санжар қашты бағыттап батпақ,

Дөңес қырлы «Қылыш тау»²³ асу бермей,

Амалсыз жағалады ойды, жарды.
Талай өткен өзені өткел бермей,
Ұғындырды патшаға азап-қорды.
Бәрі де лағнет айтып қасарысты,
Қорладың деп аяусыз аппақ арды.
Өкшелеп екі жылан оратылды,
Елестетіп көзіне зындан торды.
Қарабура қарғысы қапы кетпей,
Шыбын жаны шырқырап,

жылан сорды.
Сорғанда да созғылап, теспей сорды.
Топырақ та бұйырмай, батпақ жапты,
Тағдырын нала керген мұндар-қорды.

... Жанкенттің сырлары көп
ғасыр бүккен,
Сойы бөлек жыланның көктен түскен.
Тін жадысы керемет, түптең сезел,
Айқындайды «өлжасын» тербелістен.

Екі міскін бар еді арып-ашқан,
Керуенге ілесіп Шашқа²⁴ қашқан.
Елесінен қалтырап жыландардың,
Із жасырып, қадамды қорқып басқан.
Біреуі арбақеш те нан тасыған,
Екіншісі лашықта көрік басқан.
Есекке арба жегіп ала таннан,
Арбақеш келе жатыр арбада нан.
Атылды ата жылан көре сала,
Базарға кіреберіс дарбазадан.
Қылғындырмай, у шашпай аттап кетті,
Байлап алған басына ақ шалмадан.
Нан төңкеріп қоятын төбесіне,
Мұбадасы таусылмай тоба-жаннан.
Ата жылан мәрт екен, ғайып болды,
Қайта айналып көрінбей ол арадан.
Аман қалды әйтеуір, наны сақтап,
Бүкір болып бүгіліп омыртқадан.
Әлгі ғайып оқ жылан оқтау жұтқан,
Көрінді енді қақшыып лашықтан.
Көрікші көрігінде қыздырылған,
Күміс тілім бұйымын алып жатқан.
Атылған айыр тілді сұр жыланды,
Жойқын күші жолатпай кері қакқан.
Ұшып барып көріктің жиегінде,
Іірленіп құйрығы сұлқ қатқан.
Іздеген соңғы адамын өлтіре алмай,
Жаны шықты басына құйған ақтан.
Осы қауіп боларын сезген ұста,
Кеудесінен тастамай, дұға таққан.
Себеп болып қорғады зергер жанды,
Жан сауғалап Жанкенттен

қашып шыққан.
Ал, көрікте мирасы бабалардың,
Құт, береке, қие бар әлмисактан...

7. Мәңгі мекен – Ұялы²⁵

Су шайқап, самал үрлеп оятатын,
Ұялыда ерекше таң ататын.
Қоқиқаз, тырна, аққу, ақ шағала,
Ұшып-қонып айдында таранатын.
Көктеңіздің жүрегі – Ұялы арал,
Ғарыштан да хабарды ала алатын.
Кептелген бекіре мен қаяздардың,
Қыр арқасы сәулеге шағылатын.
Сол аралға кезекті қие қонды,
Адалдыққа тәу етіп, табынатын.
Мәңгі мекен тербетіп, аялады,
Қарабура Әзімдің дедіар затын.
Әз әкенің салдырған кесенесі,
Шолпан туса жарқырап қырланатын.
«Жеті жұлдыз» – қарақшы мәңгі серік,
Төбесінде Бегімнің тұн қататын.
«Сегіз қырын»²⁶ қуалап үркек көшсе,
Темірқазық тапжылмай тұра алатын.
Ғасырлардың керуені сыр-сандықтан,
Сыр таркатқан ұлықтап Бегім атын.
Дауа іздеген жанына мұқтаж жандар,
Басына түнегенде ем қонатын.
Заманалар белгісі бұл күндері,
Санатта тұр ескерткіш қорғалатын.

Р. С. Поэмада ойдан шығарылған жер-су атаулары жоқ. Бәрі атымен аталып, түсімен түстеліп баяндалған.

Түсініктеме:

- «Хорасан» – Орта шығыстағы бір-неше елдің аумағы шектесетін тарихи облыс.
- «Селжүктер» – түркі-оғыз тайпаларының бір тармағы.
- «Сүлеймен шах» – Сүлеймен ибн Құтұлмыш, Осман империясының негізін қалаушы, Ертіұғырлдың әкесі.
- «Жанкент» – Қазалы қаласынан 15 шақырым, Сыр өзенінің сол жағалауындағы оғыздар астанасы болған қорғанды шаһар.
- «Тетис» – мезозой дәуірінде Каспий, Арал теңіздерінің үстін басып жатқан ұлы мұхит.
- «Көктеңіз» – Арал теңізінің ескі атауларының бірі.
- «Ақтақыр» – Арал теңізінің арқа жағындағы ұзындығы 12 шақырым тақтайдай тегіс тақыр. Қазір «Жанту» тақыры деп аталады.
- «Балдақ» – бүркітпен аңға, саятқа шыққанда ерге қондыратын ашалы тіреу. Ағаштан немесе таутекенің мүйізінен жасалады.
- «Атанбасы» – Торғай өзені маңындағы қыратты жер (Атанбас акирек).
- «Қарабура» – қасиетті әулие, сопылық ілімнің негізін салушылардың бірі (Ақтан софы).
- «Мағұнат» – адамдардың құлағына сыбырлап, оқиғадан хабардар ететін әруақ түрі.
- «Яксарт» – Сырдария өзенінің ескі атауларының бірі.
- «Наржілік» – жер астындағы нысанға ауа бару үшін екі жағын тесіп түтік үшін қолданған нардың жілігі. Ол әдіс көмген астыққа да қолданылған.
- «Түсшаруа» – сезімнен ала, тек көрсеткенді ғана істейтін шаруаны осылай атаған. Заманауи тілмен айтқанда робот.
- «Торғауыт» – күндізгі қарауыл, танауы тілік болса басыбайлы құл деп танылады.
- «Шыңылтыр көн» – терезеге әйнек орнына пайдалануға иін қандырып, ағашқа керіп кептірген жұқа тері.
- «Құс жолы» – ақшыл жолақ, тұмандықтардан тұтасқан жұлдыздар шоғыры, спиральды галактика.
- «Әмбар» – Әмбар бибі, Қарабура әулиенің қызы, Сүлеймен Бақырғанидың зайыбы, Айша бибінің анасы.
- «Пора» – асыл.
- «Шалан» – теңіз түбінен жағаға ығысып, кеуіп кеткен балдырлар.
- «Тұр» – Тұр тауы, адамдарды тәу-бесіне келтіріп, ауада қалқыған Синай түбегіндегі тау (Муса пайғамбар тауы).
- «Зарқын» – қатқыл жерде өсетін кішкентай сары өсімдік, арнебия (лат. Arnebia)
- «Қылыш тауы» – Солтүстік Арал маңындағы қыратты тау журнағы.
- «Шаш» – Ташкент қаласының ескі атауы.
- «Ұялы» – Арал теңізіндегі Сұлу бұғазының солтүстігінде орналасқан арал.
- «Сегіз қыр» – кесене салынғанда сегіз қырлы болған.

Даража БАЛАПАН,
затгер, Халықаралық
акпараттандыру академиясының
академигі, Т.Айбергенов атындағы
әдеби сыйлықтың иегері

Турашылдық туын жықпаған

«Берекені бірінші Алладан, екінші еткен еңбектен тіле» – деген дана халық. Айдарбек Қыдырбекұлы Бәйімбет немересінің «Өмірде көргендерім мен білгендерім» («Түгіскен түлектері») еңбегін оқып шықтым. Ол балалық шағы мен еңбекке араласқан уақытында бастан өткен кедергілерге қажымай-ғалмай күресе білген. Ойына жақсылықтан басқа ештеңе кіріп-шықпайтын, біреулердің өзіне жақпайтын қырсыздау әңгімесін құлағы ұқпайтын бірбеткейлігі бар. Өмір жолына қарап отырсақ, билік биігіне шықпаған, байлық та жинамаған.

Жасынан техника жағына бейім болып, киномеханик мамандығын үйренген. Аудандағы КТУ-дан кең профилді тракторшы және шоферлық мамандықты қоса меңгеріп алған. Әдепкіде Задария совхозында күрішші механизатор болып істеп жүріп, 1969 жылы Қазақ мемлекеттік «Еңбек Қызыл Ту» орденді Ауыл шаруашылығы институтының агрономия факультетін бітірді. Содан Түгіскен совхозына жолдамамен агроном болып орналасты. 1978 жылы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бөлім бастығы, 1981 жылы Жеміс-жидек министрлігі құрылып, соның облыстық басқарма басшысының бірінші орынбасары болды. Одан кейін 1984 жылы партияның жолдауымен облыстық өсімдіктер карантині жөніндегі инспекцияға бастық болып ауысты. Осы жұмыстарда өзінің қабілетін көрсете білді. Қоғам мүлкін көздің қарашығындай сақтауда батыл істер атқарды.

Айдарбектің бұл естелігіне Түгіскен түлектерінің ерен еңбегі

шама келгенше паш етілген. Сонымен бірге өзінің көрген-білгені, өмір сүрген ортасы, бірге істес болған азаматтар, өнегелі өмір жолы зейін қойып оқығанға терең ой салады. Айдарбектің ақындық, ой-толғамдары жаныңды сүйсіндіреді. Кітап көпшілік оқушы қауымға арналған. Шығарманың тілі тартымды, жеңіл, қызғылықты оқылады. Өзім куә болған бір-екі жайды айтқым келеді. Жазушы, ақын адам жанын ерекше ұғайды, айрықша түсінеді. Айдарбек зейнетке шыққаннан кейін Шымкентке қоныс аударып, Сайрам ауданына қарасты Қарасу деген жерге қоныстанды. Түгіскен түлектері жайлы әңгіме болғанда «Мақұл, Шәке сіздің айтқаныңызбен бастаймын» деп жазуға отырады. Жасыратыны жоқ, жары Сапура куә, 15 күнде 250 беттен аса кітаптың жобасы дайын болды. Екі-үш күн оқып, қолжазбасына аздап қосқаным болмаса көп өзгеріс ендірмей, 15 күнде кітап дайын болып баспаға берілді. ҚР Содан кейін Журналистер одағының мүшесі болды. Сайрам



ауданынан шығатын «Түркістан тынысы» газетіне редакторлық етті.

«Заман», «Жұмадағы кездесу», «Қазақ елі» газеттеріне мақалалары шығып тұрды. «Қазақ елі» газетінің редакторы Қажымұхан Ғабдулла ініміз Айдарбекті Түркістан облысындағы, Марат Арыновты Өзбекстандағы, мені Қызылорда облысындағы тілші етіп бекітті. Міне қызық, үшеуіміз жерлеспіз. Сөйтіп қызмет еттік. Ол өртүлғалы ақын Мұхтар Шахановпен құрдас болып жақсы араласты. Ақынның 70 жылдығында өзінің туған жерінде кездесіп бірге болдық. Айдарбек баспасөз бетінде қоғамдағы келеңсіз жағдайларды батыл айтудан жасқанған емес. – Ақылдан адасқандардың, Ажалдан адаспайтынын.

Так үшін таласқандардың, Табытқа таласпайтындығын, – деген өлеңді мысал етіп көп айтатын.

Қазіргі біздің қоғамдағы жағдайды біліп айтқандай ой-толғамдарға ерекше мән бере сөйлейтін. Түркімен халқының ұлы ақыны Мақтымқұлының: – Биік таулар, бойшанмын деп шірөбе,

Тасың кетсе, сен де бір дөң боларсың. Терең теңіз, тәкаппарсып түнерме,

Суың кетсе, сен де бір шөл боларсың. Лұқпандай тапсаң, дерттің дауасын,

Рүстемдей жыртсаң, жаудың жағасын, Ескендірдей бар қамалды алсаң да,

Жұрт қатарлы төмпешік боп қаларсың. Көзінді сал жарлы менен жалқыға, –

Тең болып жүр бай мен кедей жалпыға, –

деген өлеңіне де жиі тоқталатын. Тірі болғанда 80 жасын атап өтіп, ойға алған біраз жайларға куә болар едік. Алланың рахымында болсын. Азаматтар туған жерінде (Жанарық), жұмыс істеген жерінде (Түгіскен) көше атын берсе, артық болмас еді.

Шайдарбекқажы ӨШІМУЛЫ, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, зейнеткер-тарихшы

ЭВЕРЕСТ ФИНАНС МҚҰ

МИКРОКРЕДИТТЕР

- ✓ зейнеткерлерге (78 жасқа дейін) және жұмыс істейтіндерге
- ✓ кепілсіз
- ✓ алты жылға дейін

ОҢАЙ, ҮҢҒАЙЛЫ ЖӘНЕ ЖЫЛДАМ

ЭВЕРЕСТ ФИНАНС
вход на сайт

1 000 000 ТГ дейін

Қызылорда қ., "Принт" баспахана ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе
тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45
Все подробности на сайте everestfinans.kz
03.03.2021 жылғы №09.21.0005.М лицензиясы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен берілген

Валюта бағамдары мен базалық мөлшерлеме бойынша электрондық анықтамаларды беру қызметін іске қосу туралы

2021 жылдың 30 қыркүйегінен бастап Қазақстан Ұлттық Банкі (ҚҰБ) валюта бағамдары мен базалық мөлшерлеме бойынша электрондық анықтамалар беру қызметін пилоттық режимде іске қосты. Жүйе мемлекеттік органдарға, жеке және заңды тұлғаларға арналған. Ол қызметті ҚҰБ веб-порталының «Электрондық анықтамалар» бөлімінен табуға болады.

Сервис статистикалық деректерді ұсыну процесін жеңілдетіп, электрондық анықтамаларды алу мерзімін айтарлықтай қысқартады. Егер осыған дейін қағаз жүзіндегі ақпаратты алу үшін орта есеппен 2-ден 5 жұмыс күніне дейін уақыт кетсе, жана жүйе қажетті анықтаманы сол мезетте ұсына алады.

Жана сервистің көмегімен пайдаланушылар келесі мәліметтерді ала алады: – таңдалған күнге немесе кезеңге ұлттық валютаның шетел валюталарына қатысты күнделікті ресми бағамы бойынша анықтама; – ұлттық валютаның шетел валюталарына қатысты ресми бағамы бойынша бір айдағы орташа анықтамасы; – таңдалған күнге немесе кезеңге ҚҰБ базалық мөлшерлемесінің (қайта қаржыландырудың ресми мөлшер-

лемесінің) көлемі туралы анықтама;

- белгілі бір күнге белгіленген шетел валюталарының ұлттық валютаға ресми бағамдары туралы ақпараттық хабарлама.

Электрондық анықтамаларды алу үшін веб-порталда тіркелу міндетті емес, олардың түпнұсқаға сәйкестігі құжаттағы QR-кодпен расталады.

Сервис статистикалық ақпаратты алудың қосымша әдісі екенін ескерген жөн. Жеке және заңды тұлғалар бұрынғыдай заңнамамен белгіленген мерзімде қағаз жүзінде анықтама алу үшін ҚҰБ-ға жүгінуге құқылы.

Электрондық анықтамаларды беру кезінде валюта бағамдары бойынша ақпарат 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҚҰБ-ның оларға қатысты теңгенің ресми бағамын белгілейтін шетел валюталары бойынша күн сайынғы және ай сайынғы негізде қолжетімді. Базалық мөлшерлеменің көлемі туралы деректер 2001 жылдың 1 қаңтарынан бастап беріліп келеді.

Толық ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77-52-10, e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz

«Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық конкурсын өткізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық конкурсының (бұдан әрі – Конкурс) қағидалары (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай іс-шараларды өткізу мақсатында әзірленген.

2. Конкурсты өткізудің мақсаты: - мемлекеттік тіл мәселесіне қоғамның назарын аудару; - мемлекеттік тіл саясатын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау; - тіл мәселелерін жариялап жүрген журналистердің мақалалары, бағдарламалары арқылы отандастарымыздың санасын жаңғырту; - қазақтілді контентті арттыру және мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту.

3. Конкурс төрт номинациядан тұрады: 1) «Үздік мақала»; 2) «Үздік телебағдарлама»; 3) «Үздік радиобағдарлама»; 4) «Үздік сайт мақаласы». 4.Конкурсқа мемлекеттік тілдегі контентті арттыруға, соның ішінде қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қоғамдық өмірдің барлық саласына енуі үшін еліміздің бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тілді дамыту, насихаттау, оның қолданысы аясын арттыру бойынша республикалық, өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында аналитикалық талдаулар мен ғылыми-зерттеулер, проблемалар мен олардың шешу жолдарын көрсеткен материалдарды жариялаған кәсіби журналистер (штаттық және штаттан тыс), теле-радио, газет, сайт ұжымдары, журналистика және филология факультеттерінің ғалымдары қатыса алады. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығының мерекеленуіне орай материалдар «Тәуелсіз елдің тілі» тақырыбына арналуы тиіс. Сондай-ақ қазақша сөйлеуді ұлттық брендке айналдырудың жолын көрсете алған журналистердің шеберліктері анық танылуы қажет.

5. Конкурс материалдарын бағалау критерийлері: - тақырыпқа сәйкестік; - қамтылған ақпараттың нақтылығы мен шынайылығы; - мәселені талдау тереңдігі; - материалды жеткізу шеберлігі.

Конкурсқа қатысушы үміткерлердің конкурсқа ұсынған материалдары олардың кәсіби біліктерін, мультимедиялық сторителлинг және заманауи медиа қабілеттерін, мемлекеттік тілді дамытудың заманауи моделін тұтас қоғамға және әрбір жеке оқырманға аша алуы қажет. Конкурсқа ұсынылатын материалдардың авторларының заманауи кәсібіленуі, оның ішінде дата-журналистік қабілеттері де (сөпамен де, сенім де жұмыс жасау қабілеті) қаперге алынады.

Коммуникативтік ресурстарды орындау қолданып, заманауи медиатеологияларды дестүрлі журналистика құралдарымен кіріктіре отырып, мемлекеттік тіл саясатын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау, сол арқылы мемлекеттік

тілдің қызметі, даму жолдары мен мемлекеттік тіл саясатының түрлі қырларын, өзекті мәселелерін сапалы, сенімді және нәтижелі түрде баяндау – басты талап.

Конкурсқа қатысушылардың қазақтілді контентті қарқынды дамытудың заманауи жолдары мен инновациялық шешімдерін көрсете білуі маңызды. Әлеуметтік ортада, мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің нық орынғып, еркін қолданылуында кездесетін кедергілерді айқындай отырып, негізгі шешімдер ұсыну шеберліктеріне мән беріледі. Сондай-ақ мемлекеттік тілді дамыту бойынша ғылыми, әдістемелік, зерделеу, ізденістік мақалалар назарға алынады.

6. Алдыңғы конкурстардағы бас жүлдемен марапатталған жеңімпаздар Конкурсқа қатыстырылмайды.

2. Конкурсты ұйымдастыру тәртібі

7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Тіл саясаты комитеті Конкурстың ұйымдастырушысы болып табылады.

8. Конкурсты өткізу туралы хабарландыру 2021 жылдың 2-тоқсанында бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсына орналастырылады.

9. Конкурсқа қатысу үшін Конкурс Қағидасының 3-тармағында көрсетілген төрт номинацияның біреуі бойынша өтінім (кол қойылған, сканерленген) тіл.baq@tilqazupna.kz электрондық поштасына «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Тіл саясаты комитеті, «Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық конкурсының» деген белгімен 2021 жылғы 1 қарашаға дейін мынадай құжаттармен бірге жолдануы тиіс:

1) өтінім (осы Қағиданың қосымшасына сәйкес нысан бойынша); 2) 2020 жылғы 10 маусым мен 2021 жылғы 31 қазан аралығында бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген екі материалды, соның ішінде радио және телебағдарламаларды, мемлекеттік тілдегі сайттардағы және мерзімдік баспасөздегі жарияланған мақалаларды; 3) жарияланған мақалалардың «Word» форматындағы электрондық нұсқалары, скриншоттары (газет-журналдар, сайттар), бағдарламалардың жазбасы; 4) 10. Конкурс Қағидасының 9-тармағында көрсетілген мерзімнен кейін ұсынылған өтінім конкурсқа қатыстырылмайды.

11. Конкурсқа ұсынылған материалдар кері қайтарылмайды.

3. Қорытынды ережелер

12.Конкурсқа қатысушылардың жұмысын бағалау және жеңімпаздарды анықтау үшін қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасының құрамы

тіл мен әдебиет, журналистика салаларының білікті мамандарынан, ғалымдардан, зиялы қауым өкілдерінен кемінде бес адамнан тұрады. Қазылар алқасының құрамы төрағадан және оның мүшелерінен тұрады. Байқаудың жеңімпаздары мен жүлделері қазылар алқасының ашық дауыс беру қорытындысы бойынша анықталады. Қазылар алқасы мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады. Қазылар алқасы мүшелері Конкурсқа қатысушылардан түскен материалдар негізінде дауыс беру арқылы Конкурстың төрт номинациясы бойынша жеңімпаздарды анықтайды. Қазылар алқасының шешімі хаттама түрінде ресімделіп, қазылар алқасының барлық мүшелері қол қояды. Қазылар алқасының шешімі хаттама түрінде ресімделіп, қазылар алқасының барлық құрамы қол қояды. Конкурстың марапаттау ресімі салтанатты түрде өткізіледі.

13. Конкурстың жеңімпаздарына диплом және ақшалай сыйлық (сыйлық қоры: бас жүлде 1 млн теңге; 4 номинация бойынша (арқайсысына) 1-орынға – 500 мың теңге, 2-орынға – 350 мың теңге, 3-орынға – 150 мың теңге көлемінде қаржы қарастырылған) табыс етіледі.

14. Конкурстың жеңімпаздары туралы ақпарат Конкурс біткеннен кейінгі 10 жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсына орналастырылады.

Байланыс телефондары: 8 (7172) 27-71-33, 74-14-97, 74-09-85.

«Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық конкурсын өткізу қағидаларына қосымша

«Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық конкурсына қатысу үшін өтінім

1. Т.А.Ә. _____

2. Жасы _____

3. Білімі _____

4. Қызметі _____

5. Мекенжайы _____

6. Байланыс телефондары _____

7. Мақала, бағдарлама, БАҚ атауы, жарияланған күні: _____

1) _____

2) _____

8. Қосымша ақпарат _____

Қолы _____

Күні _____

ҚОЖАМСҮГІР ҰРПАҚТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі батыр, әскербасы, ислам дінін насихаттаушы, әулие, көріпкел Қожамсүгір баба 1575 жылы өмірге келген.

Жас күнінде білім іздеп Меккеге барған. Он жыл осы жерде білім алып, ерекше қабілетімен дараланған. Алла илхам берген, әулиелік кереметтер жасай алған. Осындай қасиеттерімен Пайғамбар ұрпағы, Мекке халифы Әбдішүкірдің көзіне түсіп, халиф бабамыздың өз ғұмыр қосқан. Баба-әлеміне танылған Есабыз ата әулие сол араб анамыздан дүниеге келген. Екі мүшел жасқа шыққанда Қожамсүгір баба халифтан туған жеріне оралуға рұқсат алып, Сырдың оңтүстік өңіріне қоныстанған.

Дүниеден өткен соң бабамыздың сүйегі ислам діні мен мәдениетін таратушы дінбасы, емші, әулие Әбдіжәліл бабтың (Қорасан ата) Жаңақорған топырағындағы қорымына, бабтың жанына қойылған.

Ұлы бабамыздан Абыз, Көзей, Кеншім, Пірім, Баянтанат, Қонақбай, Қарасары, Серім – сегіз рулы аталық тарайды.

2022 жылы қасиетті ұлы бабамыздың Әбдіжәліл бабтың жанына қойылған жерінен күмбезді кесене соғу жоспарланып отыр. Осы сауапты іске баба ұрпақтары, олармен бірге басқа

рудың азаматтары да қаржылай көмек көрсетеді деп сенім білдіреміз. Себебі, Қожамсүгір бабаның халыққа жасаған қызметі ру мен аталық аясынан кең, шапағаты мол.

Қаражат аударушылар Қызылорда қаласы және қалаға жатын елді мекендер бойынша жауапты тұлға Әбдімәжит Ұлырысұлының атына (ұялы телефоны: 87773625407); Ағымдағы есепшот: KZ958562204113676702. ЖСН: 530525301358. АҚ «Банк Центр Кредит». БИК Банка КСЖВКЗХХ.

Шиелі және басқа аудандар бойынша қаражат қосушылар жауапты тұлға Жолдасов Ғалым Ергараулының атына (ұялы телефоны: 87024964422) аударуы тиіс. Ағымдағы есепшот: KZ318562204109305773. ЖСН: 660806301343. АҚ «Банк Центр Кредит». БИК Банка КСЖВКЗХХ.

Өз қаржыларыңызды «Банк Центр Кредит» есепшотына, аты-жөндеріңізді көрсетіп аударуларыңызды сұраймыз. Төлем туралы түбіртектеріңіз сақталсын. Көлемді қаржы аударушылардың кесене басына аты жазылады.

Сіздерді Алла Тағала қолдасын, баба рухы жар болсын. Қашанда жолдарыңыз ашық, істеріңіз оң болсын.

Кесене соғу үшін ұйымдастыруға арнайы кірілген комиссия

● ЖӘРМӨҢКЕ

Күздің берекесі

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесін ұйымдастыру – бағаны тұрақтандыру бағытындағы кәдім екені белгілі. Осы тұрғыда Әйтеке би кеңтеді жәрмеңке өткізділі.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, «Сыр бойы»



Орталық көшеде ұйымдастырылған жәрмеңкені аралап, көпшіліктің көңіл-күйін, ынта-ықыласын, баға жайын бақылап, арнайы бардық. Елді мекендерден жеткізілген күлді тоқты-кой, балық, қауын-қарбыз, ет-сүт, бақша өнімдеріне сұраныс көптігін байқадық. Әсіресе, қыстың қыр астында тұрған сездіргендей жем-шөп,

қас-қағымда сатылып жатты. – Азық-түлік бағасын тұрақтандыру мақсатында ұйымдастырылған жәрмеңкеге 45 көлікпен 70 тоннаға жуық өнім шығарылды. Аудандық ірі өңдеуші кәсіпорындар өз өнімдерін ұсынды. Алдағы уақытта мұндай шара жалғасын табын болады, – деді аудан әкімі Мұхтар Оразбаев.

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru

Көптің ұсынысы қолдау тапты

Облыстық мәслихаттың кезекті VI сессиясында Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының қарауына Қызылорда облысының білім беру және мәдениет ұйымдарына атау беру жөнінде облыстық ішкі саясат басқармасы тарапынан ұсыныс берілді.

Сессияда басқарма басшысы Мира Қазбекова хабарлама жасап, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрінің бірінші орынбасары, Сыр бойында «қара алтын» өндірісінің қазығын қағып, өркендеуіне зор үлесін қосқан Мұрат Саламатовтың есімін Қызылорда қызмет көрсету және сервис колледжіне беру туралы ұсыныс қолдау тапты.

Сонымен қатар, қазақ балалар әдебиетіне өз үлесін қосқан көрнекті акын Адырбек Сопыбековтің есімін Жанақорған аудандық кітапханасына беру туралы ұсыныс та халық қалаулылары тарапынан мақұлданды.

Осыған сәйкес, жоғарыда аталған ұсыныстар бойынша әзірленген құжаттар ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының қарауына жолданады.

«СБ» ақпарат

● БӘРЕКЕЛДІ!

Ақжол алған асу

Қасым Аманжоловтың «Неткен сен бақытты ең, келер ұрпақ. Жүзіне көп қараймын мен тағырқап» деген жайлыды жырын жастарға қарата айтуға болады. Жетістікке жету жолында анып қалмайтын жастардың қатарында өлең әлемінде өзіндік өрнек салған жерлесіміз, жас акын Ақжол Түменбай бар. Ол жақында республикалық дәстүрлі ХІ Қасым Аманжолов оқуларынан бас жүлдені қанжығасына байлап, Сырдың мерейін тасытты.

Ақжол – Қазалы ауданындағы Ақтан батыр ауылының тумасы. Қазір Семей қаласындағы М.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінде білімін шыңдауда. «Өлеңге таласы бар» екенін ертеанғартқан кейіпкеріміз бұған дейін де аудандық, облыстық, республикалық мұшайралардан жүлдегіз емес, Ғ.Мұратбаев атындағы республикалық жастар сыйлығын да иеленді. Оның қаламынан туған «Әке», «Сүйемін», «Өз жүрегіңнен ұялмайсың ба?» деген туындылар эстрада әншілерінің хит әніне айналған. Бір сөзінде ол «Ақындық жолды таңдайтын болса, оны таңдамаған болар едім» деді. Себебі салмақты.

– Ақын, ақындық жол, өлең дегеннің иісі мұрыңа бармаған кезде, ақындықты бір мәртебе көріп, шуммақтарым ұйқасса, соған маз болушы едім. Қазір әдебиет ардың ісі екеніне көз жетті. Бүгінгі күні әрбір сөзіңнің мән-мағынасына бас ауырту тұрмақ, ол үшін жан ауыртып, күйзелесің. Сәл дүниеге сынып қаласың. Мұның барлығы ақынға, шығармашылықпен айналысатын адамға тән қасиет, – дейді ол.

Ақжолдың өлеңдері жасық емес. Ойын тура айтатын ақын қажет тұста іркілмей, кесек түйіндерді шымыр шуммақтарға сыйғызуға бейім. Бастысы, өлең өлкесінде өзіндік өрнегі бар жас акын қазақи ауыл – талай талапты ұл мен қыздың түлеп ұшқан құт мекен екенін дәлелдеді. Жыр-қисса, дастандарды естіп өскен, туған жердің табиғатынан өн бойына тазалықты сіңіре білген жас қалам иесіне алдағы уақытта да ақ жол, сәттіліктер тілейміз!

М.СНАДИН



Татами төрінде – жастар



– Осындай дарынды өрендердің шығуына жергілікті бапкерлердің қосқан үлесі зор. Олардың қатарында Өмірзақ Әбілдаев, Ишанбек Жұмабаев сынды білікті мамандар бар. Дзюдомен тұрақты түрде шұғылданып жүрген спортшылар саны арта түсті. Өңірде халықаралық және республикалық жарыстар тұрақты түрде өткізіліп келеді. Сондықтан мұндай спорттық бәсекелер өскелең ұрпаққа пайдалы бола бермек, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Жарыстың ашылу салтанатында белгілі спорт жур-

налісі Қыдырбек Рысбекұлы кай кезде де Сыр спортының беделі биік екеніне тоқталды. Бүгінге дейін өңірден көптеген спорт түрлерінен талантты жастар шықты. Бұл – осы салаға жасалған үлкен қолдаудың жемісі.

Облыстық қазақ күресі федерациясының президенті Рзақұл Нұртаев өз сөзінде Болатбек Сүлейменовтің азаматтық болмысы жайында әңгімелеп берді. Б.Сүлейменов аймақтың әлеуметтік-мәдени дамуына үлкен үлес қосты. Қармақшы ауданында өткен көптеген жарыстарға қолдау білдіріп, талай талантты жас-

тын танылуына қамқорлық көрсетті.

– Жарысқа алғашқыда Өзбекстаннан өзге Қырғызстан, Әзербайжан, Грузиядан спортшылар келіп жоспарланған еді. Пандемия салдарынан олардың бірқатары қатыса алмауда. Дегенмен турнир тартысты өтеді, – деді жарыстың бас төрешісі Қайрат Төленов.

Халықаралық турнир екі күнге созылады. Дзюдо мен парадзюдоның әрқайсысында ұлдар мен қыздар арасында жеті-жеті салмақта жеңімпаздар анықталады.

«СБ» ақпарат

Ұлағатты ұстаз, шәкіртім Қадірқұл Шаймағамбетова өзі туып-өскен отбасында әкесі Бердібектің, анасы Жүрсіннің тәлім-тәрбиесінен халықтық-педагогикалық ұлағат ықпалын балалық, бойжеткен кезінде сезініп өсті. Ауылындағы оңжылдықты бітіргеннен кейін Қазақстандағы байырғы жоғары оқу орны Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының (қазіргі Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті) филология факультетіндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бөлімінде білім алды.

ҰСТАЗДЫҚ ҚЫЗМЕТ ҰЛАҒАТЫ



Ғалым-ұстаздарының ықпалымен өзінің педагогикалық еңбек жылдарында әлемдік өркеніет кеңістігіндегі, оның ішінде қазақ тарихындағы ағартушылардың жас ұрпақты оқытуға, тәрбиелеуге арналған ғылыми-әдістемелік ұстанымдарын өзіне бағдар етті. Әсіресе, қазақ балаларының білім алуы үшін арнаулы оқу құралдарын жазған ағартушылардың педагогикалық-психологиялық тұтастыққа негізделген оқу-әдістемелік тұжырымдарын қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытудың басты бағдары етіп ұстанды.

Ол орта мектептегі алғашқы еңбек жылдарынан бастап сабақтарын ағартушы ұстаз Ыбырай Алтынсариннің әдістемелік ұстанымына сәйкестендірді. Оның оқытқан пәндерінен сапалы білім негіздерін игерген шәкірттері туған тіліміздің, әдебиетіміздің халықтық-эстетикалық ықпалын меңгерген жетістіктерімен ата-аналарының қуанышына бөленді.

Қадірқұл Бердібекқызы – 2007 жылдан бері Қызылорда қаласындағы №176 орта мектептің директоры. Осы мектептің дәстүрлі даму жетістіктерін жалғастыруға да өзінің білікті басшылық, ұйымдастырушылық қызметімен үлес қосты. Ол педагогикалық ұжымның қазіргі заманғы озық инновациялық технологияларды игерген жаңашылдықпен еңбек етуін, жаратылыстану және қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқытуға көмекшілік жасайтын пән кабинеттерінің ғылыми-әдістемелік сипатпен жабдықталуын, ізденіш мұғалімдердің теориялық-тәжірибелік біліктілігін жетілдіруін ұйымдастырды. Мектеп басшысы жанартылған білім беру мазмұнына сәйкес педагогикалық технологиялар негізіндегі цифрлық кузиреттілікпен ұйымдастырды. Мектептің жанартылған білім мазмұны аясында «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша көптеген іс-шаралар жүзеге асырылды. «Рухани жаңғыру» орталығымен бірлесіп отырып, «Ұлы Даланың жеті қыры», «Ұлттық құндылықтар» бағыттары бойынша оқу-әдістемелік семинарлар ұйымдастырды. Мектептегі деректерді жүйелеген музей «Оқуға құштар ұлт – оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру аясындағы қоворкинг орталығы, оқушылардың спорттық жатығуларына, мәдени-танымдық үйірмелеріне арналған спорт залы, спорт алаңы талапқа сай жабдықталған.

Мектеп директоры – білім алушы шәкірттерінің де, ұжымдағы әріптестерінің де, ата-аналардың да ортақ мүдде бойынша бірлікпен еңбек етуін ұйымдастырушы. Қадірқұл шәкірттердің тұрмыстық-әлеуметтік жағдайларын сараптап 3 шақырым қашықтан қатынайтындарға арналған тегін тасымалдауды жүзеге асырды. Облыс мектептеріне арналған «Серіктес мектеп директорлары» лигасына мүше болып, жаңашыл озат тәжірибелерді жүзеге асыруға ұжыммен жұмылдырды. Қаладағы озат ұстаздардың жаңашыл жұмыстарын тарату, насихаттау, тәжірибе алмасу, әріптестік серіктестер тобын ұйыстыру бағдарындағы «Әдістемелік марафон», «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы – 30 кітап» атты қала мектептерінің апталығын ұйымдастырды.

Білім және ғылым министрлігі ұсынған «Оқуға құштар мектеп» жоба-

сының таныстырылымы осында өткізілді. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кітаптар тізмі ұсынылды. «Серіктес директорлар» лигасының 2020-2021 оқу жылындағы жұмыстарын қорытындылауға арналған «ге-Start: Жаңа әлемдегі жаңа мен» тақырыбымен өткен саммитте Қадірқұл «Директордың 10 қателігі» атты баяндама жасады.

Қашықтан оқыту – еліміздің білім беру жүйесінде соңғы жылдары белсенді жүзеге асырыла бастаған ғаламторлық-технологиялық тәсіл. Былтырғы наурыз айынан басталған әлемдік пандемия кезінде мектеп басшысы мұғалімдердің 40 сағаттық «Қашықтан оқытуды үйренемін» курсын 100% ұйымдастырды. Оқу үдерісіндегі пән сабақтарының да, тәлім-тәрбиелік іс-шаралардың да жоғары деңгейде өткізілуі – педагогикалық ұжымды да, оны басқарған директорды да жігерлендіре түсті. Қашықтан оқыту кезеңінде №176 мектептің оқушылары әлеуметтік желі арқылы республикалық Оқушылар сарайы, Нұр-Сұлтан қаласы білім басқармасы ұйымдастырған «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран», «Абай – дана, Абай – дара» байқауларына қатысты. Бірқатары жүлделер болды, мектеп мұғалімдері «Алғыс хатпен» марапатталды. Ұжымның педагогикалық еңбек жетістіктері нәтижесінде былтыр Жапония елшілігінің «Шөп тамыры» атты әлеуметтік жобаларға арналған қайтарымсыз грантын ұтып алып, мектеп ғимаратына жөндеу жүргізілгені ата-аналар мен шәкірттерді қуантты. Білікті, білімді жаңашыл басшы мен педагогикалық ұжым бірлігінің сапалы еңбегінің нәтижесінде 2018 жылы кеңт әкімінің «Ұйымшыл ұжым» номинациясын, 2019 жылы қала әкімінің «Бірлігі жарасқан ұжым» номинациясын, былтыр облыстық кәсіподақ ұйымының «Үздік әлеуметтік әріптес» номинациясын иеленген.

Қадірқұл Бердібекқызы Шаймағамбетова – 40 жылдан астам педагогикалық еңбек ғұмырыамасындағы білімді мұғалімдік, білікті басшылық қызмет жетістіктері үшін лайықты марапаттармен бағаланған көрнекті ұстаз.

Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері. «Алғыс хаттар», «Құрмет грамоталарымен» марапатталған. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы білімділігімен, әдіскерлік ізденіс нәтижелерімен, мектеп ұжымын басқарудағы білікті басшылық қызметімен халықтың алғысын иеленген Қадірқұл сынды тұлғалар тағылымы ұстаздық қызмет мәртебесін биіктеге түсетіні ақиқат. Жарының сенімді серігі, балаларының, әулетінің отанасы, әріптестерінің қамқоршысы Қадірқұл Бердібекқызының өнегелі, сұлу өмір сүру дәстүрі жаңа ұрпақтармен жалғаса береді.

Темірхан ТЕБЕГЕНОВ, филология ғылымдарының докторы, профессор

Айналдым, сенен, Атамекен!

– Халқымызда «Таулар алыстаған сайын биіктейді» деген сөз бар. Ақын Шөмішбай ағамыз саналы ғұмырында қазақ әдебиеті мен мәдениетіне сүбелі үлес қосты. Ол еңбегі мемлекет тарапынан лайықты бағаланды. Ақынның өнер өлкесіндегі өзіндік қолтанбасы өскелең ұрпақтың жадында қалды. Бүгінгі көрме – сол еңбектің шынайы көрінісі. Көрмені ұйымдастыруға атсалысқан ақынның жарына, отбасына алғысымызды білдіреміз, – деді көрменің ашылуында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов.

Шөмішбай Нағашыбайұлы Сариев 1946 жылы Қызылорда облысы, Арал ауданы Шөміш станциясында туған. Ақын, аудармашы, филология ғылымының кандидаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Бірінші дәрежелі «Барыс» және «Парасат» ордендерінің иегері, Франц Кафка атындағы Халықаралық Алтын медаль, «Платина Тарлан» сыйлығы және «Халықтың сүйіктісі» ұлттық сыйлығының лауреаты. «Елім менің» атты Президент бәйгесінің екі дүркін бас жүлде иегері.

Ақынның 30-дан астам кітаптары жарық көрген. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында «Атамұра» баспасынан «Жүрегім – Қазақ елі» шығармашылық туындысы басылып шықты. Ол 300-ден астам халыққа кең тараған әндердің сөзін жазған. «Атамекен», «Сәлем саған, туған ел», «Аралдан ұшқан аккулар», «Домбыра», «Жусан исі», «Қазағымның күйлері-ай», «Сарыарқа», «Бозжорға», «Қазақстан», «Дос керек», «Аяулым», «Арайлы Астана», «Асыл ана», «Ғашықтар жыры», «Аққу сенім», «Ойлан, балам»,

1-бет

● ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

Жәмила жарады

Қазақстандық балуан Жәмила Бакбергенова Норвегия астанасы Ослода өтіп жатқан Әлем чемпионатында күміс жүлделер атанды. Бұл – бүгінге дейін қазақстандық қыздар арасында тұңғыш рет қол жеткізін отырған жоғары нәтиже.

Ол 72 келіге дейінгі салмақта финалда жапониялық Масако Фуруичимен шеберлік байқасты. Қос спортшы бұған дейін өзара үш рет күш сынасты. Оның екеуінде жапониялық балуанның мерей үстем болды. Бұл жолы да жапондық балуан жеңіске жетті. Айта кетсек, Масако Фуруичи – 2019 жылғы Әлем чемпионатының қола жүлдегері атанған тәжірибелі балуан.

Осылайша Ж.Бакбергенова күрес түрлерінен Ослода өтіп жатқан әлемдік додала ел құрамасы қоржынына алғашқы жүлдені салды. Мұнан бұрын ол жастар

арасында Әлем чемпионатының қола жүлдегері атанған еді.

– Күмістің өзі үлкен көрсеткіш. Жәмила финалда өз ойлағанын жүзеге асыра алған жоқ. Қарсыласы мұны сәтті пайдаланды. Осылайша жапон қызына үшінші мәрте есе жіберіп қойды. Есесіне жартылай финалда кездескен түркиялық балуаннан Бакбергенова бұрын үш рет жеңілген еді. Төртінші белдесуінде есе қайтарды. Жәмиляның жеңісі әлі алда деп есептеймін, – деді бапкері Нұрлан Аманкосов.

«СБ» ақпарат

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru

